



«ИНОВАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТИМДІЛГІН
АРТТАРУДЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ»
халықаралық ғылыми конференцияның

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

26-27 қараша 2020

PROCEEDINGS

of the international scientific conference
«MODELS AND METHODS FOR IMPROVING THE
EFFECTIVENESS OF INNOVATIVE RESEARCH»

26-27 November 2020

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции
«МОДЕЛИ И МЕТОДЫ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНО-
СТИ ИНОВАЦИОННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ»

26-27 ноябрь 2020

Қарағанды, 2020

ӘОЖ 001.8
КБЖ 72(063)
И 63

Редакция алқасы:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангелдиев , Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

А.А. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

И 63 Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері: халықаралық ғылыми конф. мат. = Модели и методы повышения эффективности инновационных исследований: Сб. материалов междунауч. конф. = Proceeding sinternational scientific conference: Models and methods for improving the effectiveness of innovative research. – Қарағанды: «Bilim Innovations Group» орталығы, 2020. – 233 б.

ISBN 978-601-7638-65-8

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education.

ӘОЖ 001.8
КБЖ 72(063)

ISBN 978-601-7638-65-8

© «Bilim Innovations Group» орталығы, 2020
© Center «Bilim Innovations Group» 2020

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

HUMANITIES

МҰСТАФА ШОҚАЙ – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТИ

Д.Т. Белгібаев

Оқытушы, Т. Жургенов атындағы ҚазҰОА, Алматы қ.

Мұстафа Шоқай – өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстіндегі сан рет дәлелдеген аяулы тұлға, қазақ елінің, барлық түркі текес халықтардың азаттығы мен бостандығы үшін күресумен қатар, өз дәуіріндегі халықаралық мәселелерді биік деңгейде талдап, оның беталысын көрекендікпен болжай білген терең білімді саяси сарапшы. Алаш алыштарының тобында Мұстафа Шоқайдың орны бөлек. Бір қоғамда туганымен, тұлғалардың тарихи қалыптасу жолдарының әр түрлі және әр деңгейде болатыны белгілі.

Түйін сөздер: Мұстафа Шоқай, Алаш орда, Жас Түркістан, Кенес Одағы, Саяси күрес, большевик, саясаткер, күресші.

Әркімнің өз тағдыры, басқаға ұқсай бермейтін өзіндік сүрлеуі бар. Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы 20 жылдан астамын жат жерде өткізді. Бірақ 1941 жылдың аяғында көз жұмғанша жас кезінде тандап алған тұған халқының тәуелсіздігі үшін күресі бір сәт толастамады. Өйткені оның бүкіл ұстанымының мәні мен мағынасы, арманы мен мұраты өз ұлтының, Түркістан аймағының саяси егемендігі, рухани бостандығы болды.

Халқының еркіндігін өзінің азаттығы деп білген, өз тағдырын ұлтының бақытынан іздең, тарихи кезеңдегі көрікті шыңдалып, теориялық білімі мен кемелділігі жеткілікті сегіз қырлы саясаткер Мұстафа Шоқайдың қалыптасуында айрықша рөл атқарған аса маңызды факторларға соқпай кете алмай отырмыз. Бұл – тұлға табиғатын аша түсудің тиімді жолы [2, 23 б.].

Мұстафандың әкесі Шоқай он екі жыл болып, ел басқарып, би атанса, атасы Торғай – 30 жылдай билік басында болған датқа. Шоқайдың, оның әкесі Торғайдың суреттерінің патша үкіметінің арнағы тапсырмасымен дайындалған фотоальбомға кіруі бұл әулеттің, Сыр өнірінен тыскары жерлерге де мәлім екенін айғақтайды. Осындай өзіндік мәдениеті, салт-дәстүрі жеткілікті әулеттің шаңырағында дүниеге келген Мұстафа шыныайы қазақ тәрбиесін жеткілікті көре алды. Ол кезде бүгінгідей жазба әдебиеттер өте сирек болғанымен, атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша сан тақырыптағы дастандарға қазақ даласы кенде болған жоқ. Ауқатты датқа ауылдында ақын-жыраулардың да жиі

болып тұруы ғажап еместін. Олардың ел билеген хандар мен халқын қорғаған батырлар туралы толып жатқан жырларын, көрші елдердің, түркі тектес туыстастардың әр түрлі қиссаларын бала Мұстафа естіп, халықтық рухты бойына жасынан сініріп есті. Ауылдағы 4 кластық мұсылманша және орыс мектебін бітірген, ата тегімен, ана сүтімен дарыған қабілетті бала Мұстафаны ортасы ерте таныды. «Кеп баланың ішінде Мұстафа аса зеректігімен ерекшеленген. Құранды да ең жақсы оқитын сол еді. Атанаасы да, өзі де бұны үлкен мақтаныш санайтын. Үйіне келген кіслерге бала Мұстафа білгендерін айтып, сұрамаса да оқып беретін», – деп жазған еді Мария Шоқай «Мениң Мұстафа» атты естелігінде.

Мұстафаның қоғамдық жұмысы Петербор университетінде жалғаса түсті. Әсіресе оның студент бола жүріп, Әлихан Бекейханның қомегімен Мемлекеттік Думаның Мұсылман Фракциясы хатшылығына орналасуы – болашақ үлтжанды саясаткер үшін ерекше маңызды болды. Енді Мұстафа Шоқай тұңғыш рет Түркістан өнірінен тыс түрік халықтарының – Еділ, Қырым татарларының, Кавказ халықтары, Орал башқұрттарының саяси өміріне араласа бастады. Петербордағы оқу мен қызмет жылдарында өз халқын азат ету басқа езілген халықтарды үйістырудың нәтижесінде гана мүмкін екеніне оның көзі жете бастады. Кейін Мұстафа Шоқайдың шетелде жүрген кезінде де ез халқымен бірге езге аймақтардағы халықтардың отарлық езгіден құтылуын армандауы жайдан-жай емес еді. Осы таным оның өмір бойғы асыл мұраты болып қалды [3, 29 б.].

Университетті үздік бітіріп, елге оралған Мұстафа Шоқай саяси қозғалыстың қайнаған қазанына түсті де кетті. Оның әсіресе «Алаш» ұлттық демократиялық партиясының жұмысына қатысуы айрықша мәнді болғанын айта кету керек. Алаш партиясы – Ресей қол астындағы түріктер ішінен шыққан саяси партиялардың ең радикалы еді. Оның бағдарламасының халық ағарту және жер мәселесіне қатысты баптары большевиктер үкіметінің түпнегіздеріне турадан-тұра қарсы бағытталған болатын.

Мұстафа Шоқайдың саяси ой-пікірлерінің ұштала түсіне 1905 жылдан бастап қазақ халқының ұлттық тәңкөрісінің басында болған, қазақ ұлттық партиясы «Алаштың» негізін қалаған, оның бағдарламасының авторы, Алашорда үкіметін басқарған Әлихан Бекейханның әсерінің ерекше болғанын айта кету керек. «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс үкіметінің ата-мекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысының. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», – деген ұстаз сөзін 1939 жылдары еске алу жайдан-жай емес. Мұстафа Шоқайдың айтуынша, осы қеңестен кейін ең үрейлі қатердің қайdan келе жатқанын түсінген жастар бар ынтасымен «мұғажыр мәселесін» үйренуге кіріспіт.

Мұстафа Шоқайға өзімен қатар ұлт азаттығы шебінде болған, өзі Түркістан түріктерінің ең көрнекті, ең сыйлы өкілдерінің бірі санаған

—Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері—

Міржақып Дулаттың, «қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, ел үшін еңіреп туған азамат» Сұлтанбек Қожанұлының және т.б. Алаш ардақтыларының да әсерлері аз болмаған.

Міне, мұның барлығы Мұстафа Шоқайдың саяси қайраткер ретіндегі қалыптасуындағы ерекше маңызды факторлар еді. Әлі талай зерттеулер жазылар, осы кезге дейін айтылғандар толықтырылар, дегенмен осылардың өзі еліміздің аса бір аласапыран кезеңдерінде Түркістандағы ұлттық қозғалыстың бірден-бір дем берушісі де үйымдастыруышы болған, кейін жат жерде жүріп те нағыз ұлтжандылық пен қайтпас қайраттың тамаша үлгісін көрсете білген М. Шоқайдың саяси университеттері болғанына құмән жоқ [5, 54 б.].

Әрине, саяси көзқарастың қалыптасуы күрделі процесс екені бесенеден белгілі. Халқымыздың тарихындағы аумалы-төкпелі кезең М. Шоқайдың ұстанымдарына өзгерістер енгізіп отырған. Сондықтан ол өз ой-пікірлерінің эволюциясы туралы былай дейді: «1917 жылы төңкерістің бас кезінде біз бәріміз федералист, унитарист тәрізді ағымдардың ықпалында болдық. Бәріміз түгел берілген осы көзқарастар біздің орыс демократиясына шамадан тыс сенуімізден туған еді. Ресейдің төңкерішіл демократиясына деген сенімнен туған федералисттер мен унитаристтер арасындағы пікір айырмашылығының оның біреуін империяға дос, ал екіншісін жау етіп көрсете жолымен түсіндіруге болмайды. Мұның екеуі де түрік текстестердің сол тұстағы жағдайына байланысты туылған көзқарастар еді».

Осы кезге дейінгі арнаулы енбектерде негізінен Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі туралы айтылып келеді. Оны түсінуге болады. Себебі бұл әлі толық зерттеле қоймаған тақырып. Біз бұған саналы түрде бармай отырмыз. Біздің мақсатымыз – Мұстафа Шоқайдың эмиграция кездерінде жазылған қолда бар енбектеріне сүйене отырып, оның қоғамдық-саяси идеялары туралы кейбір ойларымызды қысқаша ортаға салу. Осының негізінде бүкіл түркі әлемінің ұлы перзентінің бейнесін ашуға талпыныс жасау. Алда әлі халқымызға таныс емес талай дүниелер ортамызға оралар. Бірақ соның бәрі Мұстафа Шоқайдың өз ұлтын жанындағы суюімен бірге, түркі текстес туыс қазақ, өзбек, түрік, татар, тағы басқа ұлт өкілдерін бөліп қарамағанына мықты дәлел бола алады [1, 76 б.].

М. Шоқайдың сан салалы саяси қызметінде оның эмиграциядагы кездері ерекше орын алатыны белгілі. Ресейдің ең маңдай алды университеттерінің бірінде оқып, терең білім алып, бүрыннан жақсы билетін орыс тіліне қоса бірнеше шет тілдерді бірдей меңгеріп шыққан Мұстафа Шоқайға амалсыздан барған шетелдердің қайсысынан болсада жылы орын тауып, өзіне жететіндей тірлік етуге әбден болатын-ды. Бірақ Мұстафа Шоқай табигатында ондай жан емес-ті. «Мұғажырлық (эмigrationлық) өмірдің мashaқаты көп-ак», – деп өзі айтқандай, жат жердегі өмірдің тауқыметін тарту оңай болған жоқ. Тағдырдың тартуы болса, ылаж

бар ма? Бірақ соған қарамастан, ұлтының азаттығы үшін күресін бір сәт толастатқан емес. Айырмасы – ендігі куресті негізінен қалам ұшымен жалғастырыды.

Мұстафа Шоқай саясат мәселелерін зерттеп, арнайы еңбек жазуды ойлаған емес. Оған мүмкіндігі те бола қойған жоқ. Бірақ «Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек саяси үгіт жұмысымен айналысад едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлкे халықтары туралы кітаптар жазумен шұғылданар едім. Адамдар бір-бірімен араласуы керек. Халықтар өзара білім алысып, бірін-бірі терең танып және түсініп, жарасыымды қатынас дәрежесіне көтерілсе, сондаға халықтар федерациясын құруға жол ашылмақ. Мұндай мақсатқа жету үшін мемлекеттік масштабтағы қызмет қажет болады. Соғыстан бас тарту керек, соғысты болдырмау керек. Жер бетінде барлық адамға орын жетеді», – деп қиялдауы Мұстафа Шоқайдың айтарының да, жазатынының да көп болғанының дәлелі.

«Жас Түркістанның» әрбір саны сайын шығып тұрған, кейде қыска, кейде көлемді мақалалар мазмұн жағынан аса бай, сол кездегі әлемдік саясаттың сан жетпес сиқырларын шеберлікпен аша білген дүниелер еді. Жағдай мәжбүр еткен Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы саяси қурестің жаңа амалының нақты мақсаты журнaldың алғашқы санында-ақ алға қойылды: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жүрткышыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға будан басқа жол болмаган. Қазір де жоқ және будан соң, да болмас. ...Біздің мұратымыз Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сондаға халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады». Журнал бетінде 10 жылдай жарық көрген 200-ден астам әр түрлі тақырыпқа арналған мақалалар осы негізгі мәселеге бағындырылған, соған қызмет етеді [5, 21 б.].

Заманына сай терең білім алған заңгер Мұстафа Шоқайдың кеңестік саясаттың кейір теориялық мәселелері туралы айтқан ойлары ерекше назар аудараптық. Әрине, бұл мәселелердің арнайы зерттелмегенін ескерте кеткен жөн. Дегенмен осы ойлар сонылығымен және объективтілігімен қызығылтықты. Ол кеңестік билік жалпы жұмысшы табының қолында емес, бір ғана большевик партиясының уысында екенін атап көрсетіп, биліктің «жұмысшы демократиясы» деп жалаулатқан үгіт-насихаттың шындыққа жанаспайтын саяси сипатын теріске шығарады. Оның дәлелі ретінде «Жұмысшы демократиясы дегеніміз тарихтың табиги қажетіне сәйкес бірігіп, саяси демократияның шенберінде бола отырып, жалпы жұмысшы табының дербес тап ретінде өзін көрсете алуы болып табылады», – деген анықтама ұсынады. Осыған байланысты социалист (турліше түстегі) жұмысшылар болғаны тәрізді, антисоциалист жұмысшылар да болатынын, Еуропада «католик жұмысшылар үйімінің» да бар екенін,

егер жұмышылар көмектеспесе және қатынаспаса, онда Италиядың фашисттер мен Германиядағы гитлершілдер күш алуы мүмкін екенін айтқан мысалдарды тілге тиек етті. Сондай-ақ таптық қурестің ұлттық өнеркәсіп қалыптасқан саяси, әлеуметтік және экономикалық мұдделері бір-біріне қарама-қарсы тұрған, ұлттық буржуазиясы мен ұлттық пролетариатта бар тәуелсіз елдерде ғана болуы мүмкін деген марксизм қағидасына сүйеніп, ол Түркістанда ондай қурестің жоқтығын, бұл большевиктерге өз үстемдігін бүркемелу үшін қажет болғандығын атап көрсетеді [2, 69 б.].

Мұстафа Кеңес үкіметінің 30-жылдардан кейінгі ішкі саясатына да көп көңіл бөлген. Әсіресе мемлекетті басқару бағытындағы өзгерістер назарынан тыс қалмаған. «Табыс мерекелері», «Ресейдегі жағдай және біздің міндеттеріміз», «Кеңес Одағының негізгі заңы тоңірегінде» атты мақалаларда Сталиннің жеке басына табынуышылықтың болашағын көрегендікпен болжай білген. Сталинді барынша дәріптеп, оны тәнірге айналдыра бастаған бұқаралық ақпарат қуралдарында бар нәрсені тек соның атымен байланыстыру науқанының басталғанын жақсы байқаган. Бұл әсіресе Кеңес үкіметінің басы-қасында болған Зиновьев, Каменев, Бухарин және т.б. толып жатқан, кеше ғана Қазан революциясын басқарған, бейбіт кезде алғы шепте жүрген партия мүшелеріне «сатқын», «фашист агенттері» деген ауыр айыппар тағылып, кебісі атылғаннан кейін жаңа белен алған еді. Бұл процесс Кеңес Одағының Негізгі заңының қабылдануымен күшіе түскен болатын. Қарсыластарын жойып, маңайын тазалап алған Сталин өзінің жеке билігін Ұлы Отан соғысындағы жеңістен соң әбден нығайтып алғаны мәлім. Сейтіп жұмысшы табының диктатурасы дегеніміз Коммунистік партияның, шындығында оның Бас хатшысының жеке диктатурасына айналды. Кейін Сталиннің жеке басқа табынуымен күрескендер де Коммунистік партияның жеке билігін ауыздықтай алмап еді. Оларды да жоғары билік мансабы құл еткен-ди. Партия жүйесінде реформа болмады. Осының бәрінің ақыры Кеңес Одағын құлатып тынды. Шексіз жеке билік еш уақытта да жақсылыққа апармайтынына кәрі тарих тағы күә болған-ды.

Мұстафа Шоқай кеңестік басқарудың Түркістанға кейбір пайдалы жақтарын білmedі емес, білді. «Кеңес үстемдігінің 16-ыншы жылдығына орай» атты 1933 жылы жазылған мақаласында ол Кеңес үкіметі өмір сүрген 16 жыл ішінде ешқандай бір онды істер болмады десек, ол да дұр болмаған болар еді. Табыстар жоқ емес. Алайда оның бәрін Кеңес үкіметі отар халықты мұсіркегенінен жасамағанын, езіне керек болғаннан кейін жасағанын, мұндай табыстардың көпшілігі большевиктердің халыққа берген уәделеріндей, «төңкеріс жоспарларында» көрсетілгендей емес деп атап көрсетті [4].

Мұстафа Шоқай – қазақ елінің, барлық түркі тектес халықтардың азаттығы мен бостандығы үшін күресумен қатар, өз дәуіріндегі халықаралық

мәселелерді биік деңгейде талдаپ, оның беталысын көрегендікпен болжай білген терен білімді саяси сарапшы. «Ұлттар Ұйымы және Кеңес үкіметі», «Алманиядағы қаржы дағдарысы», «Қытайда», «Ағылшын дағдарысы», «Манжурия мәселесі және дүние жүзі баспасөзі», «Кавказ мәселесі» т.б. тақырыптарға жазылған мақалаларды былай қойғанда, «Халықаралық жағдай» және «Халықаралық өмірден» деген атаулармен жазған мақалаларында ол Ұлттар Ұйымының мәселелері, Ұлы Отан соғысы алдындағы Англия, АҚШ, Германия, Италия, Жапония, Қытай, Франция т.б. елдерінің сыртқы саясаттарына талдау жасайды. Бұл қазіргі тарихшылар мен саясаткерлерге өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы халықаралық мәселелерден мол материал берері сөзсіз.

Бір ескеретін нәрсе – Мұстафа Шоқай халықаралық тақырыптардың қандайына қалам тартса да, туған елі Түркістан әste есінен шықпайды. Бар мәселені осының маңына топтастырады, халықаралық ахуалдың ұлттық тәуелсіздігізге тигізер ықпалын ойлап отырады. Мысалы «Қыыр Шығыста» деген мақаласында ол Ресейдің Қытай, Жапония араларындағы Манжурия төңірегіндегі дау-дамайға байланысты мәселелерді қозғай отырып, Ресейдің Манжуриядан шегінуін маңызды оқиға санайды. Автор орыс империализмінің Манжуриядан шегінуіне қуана қол согатының және осы процесс токтап қалмай, ең соңында орыс империализмінің Азиядан түгелдей қуылуын тілейтінін де, Азия халықтары сондағанда кең тыныс алып, ұлт-азаттық күрестің мақсаттарына жететініне де қуанышын жасыра алмаған. Сондай-ақ «Поляк басылымдарының үні» атты патшалық, кейінгі кеңестік Ресейдің Польшамен арақатысына арналған мақаласында Мұстафа Польшаның, Ресей езгісіндегі басқа халықтардың мұн-зарын өте жақсы түсінетіндігін және олардың нағыз жанашырлар екенін айта отырып, «Поляктар – өзім құтылдым, өзгелер не болса, ол болсын» деп әste ойламайтын, адамгершілігіне қаһармандығы сай гажайып халық.», деп тамаша сипаттама береді. Осы жерде «Жас Түркістан» журналының Польша үкіметі маршал Йозеф Пильсуский тараپынан құрылған «Лихие прометеи» үйымы арқылы қаржыландырылғанына айта кеткен артық болmas [4, 142 б.].

Мұстафа Шоқай – өз кезіндегі жалғыз азат Түрік елі туралы да бірнеше мақала жазған. «Түркістан Кеңес баспасөзі және Түркия Республикасының 10 жылдығы», «Түркия және Ұлттар Ұйымы», «Мәскеу және Түрік Коммунистік партиясы», «Большевиктердің Түркиямен «адал достығына» куә боларлық бір тарихи құжат», «Мен патриоттың» газеті Түркия саясаты хақында» т.б. мақалалардан автордың түрік халқының азаттығына деген шынайы көзқарасын, Түркияның батыстың мәдениеті мен демократиясы жолына түсkenіне қуаныш көнілін анғармау мүмкін емес. Түркия Республикасының Ұлттар Ұйымына ресми мүше болуы – оның халықаралық жағдайын нығайтатын айрықша оқиға болды. Ал

«Большевиктердің «Түрік достығы» атты мақалада Кеңестік Ресейдің Түркияға байланысты саясаты, большевиктердің түрік ұлттық қозғалысын іштен іріту жолындағы іс-әрекеттері, Түркияның әлсіз тұстарын қапысыз пайдаланып қалу мақсаттан туындағы отырғаны сез болады. Алайда Түркия халқының, ең алдымен, түрік қоғамының салауатты ұлттық негізге құрылуы, түрік халқының аскан ерлігі, жол бастауышыларының парасаты мен көрегендігі арқасында алған бағытынан таймай отырғандығы атап көрсетілді. Сондай-ақ «Түркия туралы большевиктердің екі басылымы» деген мақалада Мәскеу большевиктерінің Түркияға байланысты ұстанып отырған екі жақты саясатын әшкерелейді. Оның бірі – Кеңес үкіметі Түркияны өзінің саяси мақсатына пайдаланбақшы деген пікір келтірсе, екіншісі – түрік төңкерісін бұрмалап, оның мән-мағынасын жоюға қызмет етеді дейді.

Саяси күрестің от-жалынында шыныққан, өмір жолында сан түрлі, сан мінезді саяси қайраткерлермен жолынғып, кейде олардың кейбіреулерімен айтыска да түсken Мұстафа Шокайдың саяси тұлғалар туралы айтқан ойлары да маңызды. Өзінің қайтыс боларынан бес жыл бұрын жазылған «1936 жыл» деген мақаласындағы: «Жалпы ұлттың мұддесін жеке қожалықтар мен жеке топтардың мұддесінен жогары қоя білген, өзінің белгілі бір түзімге белгілі бір себептермен қалыптасқан қатынасын, оған тәуелділігін жалпы ұлт мұддесі тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзім жолында құрбан ете білген адамдар ғана нағыз ұлттық патриот және ұлтка пайдалы қызметші бола алады», – деген-ді. Бұл сөзді Мұстафа Шокайдың өзіне арнауга да әбден болады. Сондай-ақ оның ойынша, саяси тұлғага аса қажет қасиет – үміт, сенім, иман тәрізді рухани-моральдық, факторлармен бірге, білімнің өзара тығыз бірлігі. Женіске жету үшін осы аталған қасиеттермен қатар білім қуаты қажет. Осыларды игеріп қана ұлт азаттығы жолында жұдышықтай жұмылуға болады. Сонымен катар Мұстафа ұлт азаттығының басы-қасында жүрген саяси жетекшілерді қорғап қана қоймай, олардың беделін арттыруға күш салудың қажеттігін айтатын. Өйткені ұлттың тәуелсіздігі жолындағы құреспекерлерге отаршыл мемлекеттердің сан түрлі арандатушылық әрекеттері болуы мүмкін [3, 61 б.].

«Біз саяси қайраткерлерді оның ұрандарына қарап емес, іс-қимылдарына қарап бағалаймыз», – деп өзі айтқандай, ұлы қуресекердің сонау лицейдегі окушы және Петербордағы студенттік кездері, одан кейінгі саналы да сан салалы, қын да құрделі қуресекерлік жолы, кейін жат жерде де қайғы мен қасіретті аз тартпаған, алайда бір сәт толастамаған арпалысқа толы жалынды өмірі бұған бұлтартпас дәлел. Мария Шокай: «Халқының келешегі мен тыныштығы үшін еш аяnbайтын, титтей қоспасы жоқ демократ, – деп келіп, – Саясатта да ол намысқой әрі жанға жақын болуы арқылы адамдардың жүргегіне жол табатын. Пікірталаста қызуқандылау еді. Бірақ өз пікірін дәлелдеуде қарсыласының намысына тиуден аулақ

болатын. Көзқарас жиегі кең, өзінің ойын еркін жеткізетін және айтқан пікірінің тыңдаушыға ұнаған-ұнамағанына мән бермейтін. Мұстафа тар ауқымды үлтшылдықтың дүшпаны еді. Ол бүкіл Түркістан ұлттарының бірігүі жолындағы құрескер еді», – деп жазды.

Мұстафа Шоқай — өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, құрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шенбердегі ұлтжандылыққа еш уақытта бой алдырмаған, «ру, ұлыстарға бөліп», халықтың ішіне іріткі салатын психологиядан өзін әркез алшақ ұстаган. Ел ішіндегі бірлігіміз бен ынтымағымызды арттыра түсү бүгінгі Қазақстан жағдайында да айрықша мәнді болып отыр. Сондай-ақ, үлкенді-кіші көршілерімізben тату-тәтті өмір сүріп, екі жаққа тиімді қарым-қатынас жасау да сыртқы саясатымызды маңызды сала. Мұны Орталық Азия аймағында тұратын халықтардың барлығы тереңірек түсініп жатса, келешегіміз бұдан да жарқырай түсер еді [5, 159 б.].

Алда Мұстафа Шоқайдың мол мұрасын әлі де жинақтап, жүйелі зерттей отырып, оны ұлт итілігіне айналдыру, жана қоғам құрып жатқан белсенді іс-әрекетімізде ұтымды пайдалана білу – біздің парызымыз әрі қарызымыз. Өйткені Мұстафа Шоқайдың есімі қоғамымыз демократиялық ұстанымда ілгері жылжыған сайын шамшырақтай жарқырап, халқына қызмет етіп, оның жер бетінде қазақ барда мәнгі өлмейтін саяси идеялары мен ой-пікірлері бүгінімізді байытып, келешегімізді кемелдендіре түсеріп сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Шоқай М. Мария Шоқай. Естеліктер. (құр. Ә. Такенов, М. Қойгельдиев), Ыстымбұл, 1997.
- 2 Шоқай М. Таңдамалы» (аударып құрастырган А. Нұсіпхан), 1-2 том, Алматы, «Кайнар», 1998-1999.
- 3 Қыдырәлі Д. Мұстафа Шоқай: өмірі, танымы, құресі, Анкара, 2001 (турік тілінде).
- 4 Қара Ә. «Мұстафа Шоқай», Алматы, «Арыс», 2004.
- 5 Тарази Ә. «Мұстафа Шоқай». Алматы, «Жазушы», 2008.
- 6 Есмагамбетов К. «Әлем таныған тұлға». Алматы, «Дайк-пресс», 2008.

SOCIOCULTURAL COMPETENCE IN MODERN METHODOLOGY AND EDUCATIONAL PRACTICE

О.Т. Тасболатов

Учитель, Лицей-интернат «Білім-Инновация» для одаренных юношес, г. Павлодар

Б.Т. Кульбаева

К.ф.н., доцент, Павлодарский Педагогический Университет, г. Павлодар

The article considers the relevance and importance of the formation of sociocultural competence in modern educational practice. It is shown that in order to create a more tolerant and cultural oriented society, as well as successful socialization of young people, high-school's foreign language teachers need to create a positive ethno-linguistic and ethno-psychological cultural atmosphere in the classroom, that leads young minds to tolerant and healthy behavior towards other cultures and nations, which is one of the most important aspects of education in the context of modern and comprehensive globalization.

Key words: methodology, competence, culture, communication, component, personality.

Integration and processes associated with internationalization in various areas of human life, which take place within the professional and personal contacts of members of different cultural communities, the features of the socio-economic situation in the modern world, as well as the increasing processes caused by globalization in such areas as education, science, culture and others, led to the desire of Kazakhstan to join the world community, which resulted in the need for high-quality training of specialists of various professions, who would have the skills of oral and written foreign language communication. The priority and importance of this goal is fixed in the current educational program of updated content. The goals of teaching foreign languages identified in this program are considered to be a key factor that determines the selection of content, methods, means and techniques for achieving the goals specified in them. It is obvious that the purpose of learning a foreign language is understood as a multidimensional concept, which includes a number of tasks for the formation of the student's personality, able and willing to participate in communication, and the emergence of the student's key characteristics of the secondary language

personality, which would make up a complex integrative whole, reaching the cross-cultural competence.

Learning a language involves not only a dry study of grammar rules, but also the knowledge of cultural aspects of people's lives, the culture is being studied intensively today. That is why the formation of socio-cultural competence is such an important aspect of the dialogue. In the European standard for learning foreign languages, sociocultural competence is defined as an aspect of communication ability that relates to those special features of society and culture that are expressed in the communicative behavior of members of society [1, 156]. Under the socio-cultural competence, a number of researchers understand the knowledge of the socio-cultural context of the language being studied and the experience of using this knowledge in the process of communication. In this study, we offer a working definition as: sociocultural competence is the ability to organize socio-cultural knowledge in intercultural communication.

The sociocultural component of the content of teaching foreign languages has great potential in terms of including students in the dialogue of cultures, exploring the achievements of the national culture in the development of universal culture, because it is included in the content of the national culture. So, for example, in the lessons on linguistic studies, students get acquainted with the geographical position of Great Britain, its social structure, study the culture of English-speaking countries [2, 86]. There are three levels of sociocultural competence: cognitive, behavioral and emotional-evaluative, that is, each student of a new language acquires the socio-cultural content gradually and can communicate in the language being studied with varying degrees of adequacy to the conditions of intercultural communication. Selection of language and culture proficiency levels is possible not only on the basis of the degree of formation of certain skills, but also from the point of view of the content of assimilation:

- cognitive level, which implies knowledge of the peculiarities of the language being studied and the culture of its speakers;
- behavioral level that provides knowledge of behavior models of native speakers of the studied language, knowledge of speech and non-speech behavior skills;
- emotional and evaluative level that provides awareness and evaluation of their own emotional reactions to the peculiarities of the culture of the people whose language is being studied; identification of similarities and differences between the phenomena of other and native culture.

Culture includes knowledge, norms of behavior of community members and a system of values, which, no doubt, should be reflected in the structure of

the socio-cultural component of the content of language training, which should include:

- socio-cultural knowledge formed as a result of assimilation of information and information about the facts of the culture of the country of the studied language;
- skills and abilities that reflect national behavior and speech etiquette;
- relationships that are formed on the basis of a value system.

For effective formation of students' socio-cultural competence in the course of teaching a foreign language, it is necessary to focus sufficient attention on such specific pedagogical principles as: the principle of consistency, clarity, consciousness and creative activity, practical orientation of training, taking into account individual characteristics, educational training. The principles are also highlighted and considered separately:

- 1) a native language teacher who considers the need for a high level of knowledge of their own language;
- 2) communicative orientation of training;
- 3) the principle of intercultural interaction;
- 4) the principle of learning in the context of cultural dialogue.

Emotional activity appeared when students enjoyed the process of completing tasks, liked the language being studied and the process of studying it is organized by the teacher. To do this, the teacher needs to use additional tools throughout the training period to stimulate and warm up the student's interest in the discipline. As for speech activity, it occurred during oral communication and was largely determined by the intellectual and emotional activity that stimulates it.

Describing the current situation in the educational field, attention is focused on the fact that the cultural space, modeled with the help of current educational literature, reflects the following characteristics:

- sufficiently closed, in particular, the culture of the establishment is modeled, and not the variability of culture, lifestyles in a particular society;
- involuntary manipulation of students' ideas about the cultural achievements of peoples;
- excessive dominance of pragmatic orientations, for example, Culture with a capital letter is expelled from modern textbooks (there are no excerpts from classical works, information about masterpieces of music, painting, technology, information about outstanding cultural figures, etc.);
- lack of any orientation and support for the native culture, as a result of which it leaves foreign language communication.

The last of the mentioned shortcomings causes the greatest damage when teaching intercultural communication, because in a situation of intercultural

interaction, you constantly have to not only interpret someone else's culture, but also represent your own.

It is important to note that digital students are in a state of constant stimulation and development of the nervous system using technology. These are natural producers or consumers of information. Solving a problem is a skill that is natural to them and can be deeply promoted with proper participation in their training. This comes from the implementation of useful projects and significant tasks that pose them with tasks that must be overcome creatively, which ultimately stimulates the development of sociocultural competence.

Ask any student what they like to create, and you will get many different answers. They are constantly looking for ways to express themselves and their uniqueness. Through social networks, they demonstrate this creative advantage and receive constant and instant feedback from their colleagues. The same level of creative power is used when they encounter interesting problems and figure out how to meet them with ingenuity and foresight. That is why fluency in creativity is one of the basic skills for fluent communication in any language. It was this approach that inspired us to this experiment. Let's dwell on the main reasons why it is the creative approach that we consider most relevant today.

Creativity is a vital outlet that inspires them to see who they are and what they can do, and to realize what they can achieve. Fundamentally, this side of any student is allowed to shine in their learning.

Students need the ability to think analytically, which includes the ability to compare, contrast, evaluate, synthesize and apply without instruction or control.

Analytical thinking means being able to use a higher level of Benjamin Bloom's digital taxonomy or higher order thinking skills.

Tasks that require linear thinking and routine cognitive work are increasingly outsourced. Therefore, it is important to guide students toward the ability to complete assignments using analytical thinking. This is important for their ability to succeed in life after class. Analytical thinking is an important part of what constitutes information fluency.

Analytical thinkers see data and information in different dimensions and from different angles. They are well versed in conceptualization, organization and classification, as well as in the synthesis of knowledge. These types of skills are invaluable because they allow older students to practically deal with social and cultural issues. This gives them the opportunity to make effective and informed decisions in their lives and relationships with society. It is easy to understand why critical and analytical thinking skills are important for success both in school and after graduation.

Students should have the ability to seamlessly collaborate in both physical and virtual spaces with real and virtual partners around the world.

Why it is important: digital students are social in nature. They write, publish, update, share, communicate and constantly create each other in technological environments. When they cannot do this at school, they become divorced and not attached to their learning. Communication and collaboration with others is important not only for their learning, but also for their mental and emotional health. This is a skill that teachers should use regularly with them.

It is great to simulate an artificial situation in which children will be involved in the process of learning a foreign language. The experimental base was chosen Bilim - innovation lyceum - boarding school for gifted youths of the city of Pavlodar.

Students of grade 8B were observed for 3 months studying culturally rich material. In practice, in artificial conditions created as part of their work - projects, they learned new interesting aspects of different cultures. As a result, the formation of their sociocultural and communicative competence has grown and a memo has been created that resembles the importance of respect for other cultures without forgetting your own.

Each student was assigned a topic of his project research and subsequent presentation to the whole group, the topics were different, ranging from the UK and the USA, ending with Elon Musk, Apple and Microsoft corporations. The PBL method (project based learning) is especially interesting for students, since they can directly study the material of interest themselves and subsequently be able to explain it to classmates. It is very interesting for students to discuss material and argue with each other, or learn new things and broaden their horizons. 10 minutes of lesson time was given for the presentation of each project, and as a result, the students themselves assessed it according to different criteria (each student was responsible for his own criterion). This made the students listen carefully and be interested in assessing their groupmates. The result was that in an easy and pleasant atmosphere, the students were able to learn quite complex and adult topics, thereby forming their socio-cultural competence and knowledge, as well as training their communication skills.

Finally, organizations of students who want to become competent and successful citizens who think about cooperation should ask themselves, given the potential problems, should they even cooperate? Is this an impossible goal? On the other hand, problems should not frighten anyone if it is possible to solve them with special efforts. There will be no unanimous agreement on all issues. This is normal because healthy differences can be productive and desirable. At the same time, there can be many ways to work together and experience the

many rewards received by building the relationships necessary to complete the work.

For example, in order to be in good relations with all representatives of cultures in the class, we must learn traditions and values that are different from ours. We must understand that each of us has customs that may seem like strangers. For example, in Kazakhstan, residents tend to call friends and colleagues by name as a sign of friendliness. However, in many Japanese communities, respect is shown in the use of surnames. Some often start their meetings by sharing food before starting a business. For others, eating before work seems unproductive.

It is necessary to integrate aspects of different cultures into all our actions. Almost all events lend themselves to a multicultural approach, including: social events, sports, street fairs, talent shows, campaigns, neighborhood improvement projects, demonstrations and lobbying.

In general, this study clearly showed that an approach based on studies of sociocultural competence is effective in motivating students to value cultural diversity. The construction of multicultural cooperation entails a change in the way of thinking, perception and communication of people. There is a difference between the recognition of cultural differences and the conscious inclusion of inclusive and anti-discrimination approaches in all aspects of the organization. Accepting cultural differences is not something separate from your problem-oriented work. It underlies the group's view of problems, possible solutions, as well as membership and working procedures. The structure, leadership and activities of the organization of work should reflect different perspectives, styles and priorities. Changing how the organization of such work looks and acts is just the first step in the ongoing process of creating a reality that maximizes and celebrates diversity. The process requires a long-term commitment and understanding that there will be shared risks, responsibilities and rewards.

Successful cooperation should be based on mutual respect, appreciation of differences, trust, plan, great patience, determination to adopt new approaches and attract partners who are usually not involved, and, above all, set a common goal.

References

1 Common European framework of reference for languages: Learning, teaching, assessment / № 12 / 2018. Iriskhanova. – M.: Moscow state linguistic University, 2005. – 247 p.

2 Елизарова Г.В. Культура и обучение иностранным языкам. – СПб.: КАРО, 2005. – 352 с.

—Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері—

3 Кунанбаева С.С. «Теория и практика современного иноязычного образования». – Алматы. – 2010. – 201 с.

4 Firth G., Elford H., Leeming C., Crabbe M. Intensive Interaction as a Novel Approach in Social Care: Care Staff's Views on the Practice Change Process, in Journal of Applied Research in Intellectual Disabilities. – 2008. – p. 58-69.

5 Abdel Latif Sellami, «Teaching Towards Cultural Awareness and Intercultural Competence: From What Through How to Why Culture is?», Paper presented at the annual meeting of teachers of English to speakers of other languages. Vancouver, BC, Canada. – 2000. – 280 p.

6 Забродина И.К. Методика развития социокультурных умений студентов. – М.: LAP Lambert Academic Publishing. – 2012. – 216 с.

7 Пахотина С. Формирование социокультурной компетенции студентов. – М. – 2014. – 140 с.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛМ БЕРУ

ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ

FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АГРЕССИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Г.Ә. Тоқтарбай

Педагог-психолог, ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақшасы РМК, Нұр-Сұлтан қ.

Аталмыш мақала агрессивті мінез-құлыштың психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Агрессивтілік мәселесі бойынша әдебиеттерге талдау жұмыстары жүргізілді. Соңғы жылдары балалар агрессивтілігінің мәселесі туралы көп айтылады. Қоғамда агрессивтік мінез-құлыштың, беталыстардың өсуі байқалуда. Балалардың бойындағы агрессивті әрекеттер ерте балалық шақтан бастап көріне бастайды. Ауыр материалдық жағдай, жұмыстағы тұрақсыздық, отбасы мәселелері, сондай-ақ, экраннан агрессивті іс-әрекетті жиілеп насиҳаттау және т.б. сияқты көп себептер бойынша ересектердің бойында жоғары агрессивтілікті бақылауға болады, ол агрессивтік балаларға да әсер етпей қоймайды.

Түйін сөздер: агрессивті мінез-құлыш, шабуыл, қарым-қатынас, қажеттілік, сана.

Көп уақыттан бері агрессиялық мінез-құлыш мәселесі медициналық, психологиялық және педагогикалық білім өкілдерінің жіті назарында келеді. П.П. Блонский, Л.С. Выготский, В. Шмитд және басқа да ғалымдарының еңбектерінде XX ғасырдың бірінші жартысында бұл мәселе көбірек көрініс тапты. М. Кляйн, А. Фрейд, К. Хорни және басқа да ғалымдардың жұмыстарында классикалық психоанализ тұрғысынан балалар агрессиясының ерекшеліктері жіктелді. Г. Паренс, Г. Фигдор және басқа да психоаналитикалық психологияның өкілдері мектеп жасына дейінгі балалардың агрессиясын алдын алудың жолдары мен еңсеру тетіктерін іздеумен айналысты. Психологтардың жұмыстарында балалардың агрессиялық мінез-құлқы әлеуметтік органдың әсері контексте қарастырылады. Мінез-құлыштың агрессиялық формаларын әлеуметтендіру мәселелері (А.А. Реан және т.б.), олардың әлеуметтік құзыреттермен байланысы (Н.А. Дубинко) кеңінен зерттелді. Педагогика шеңберінде бұл мәселені зерттеумен айналысқан ғалымдар: С.А. Завражин, М.П. Квадрициус, С.Л. Колосова, Н.Э. Маликова, С.В. Михейкина, және т.б. Мінез-құлыштың ауытқулардың даму алғышарттары ерте және мектепке дейінгі жаста (А.И. Захаров, А.Е. Личко, А. Фреддр және т.б.) пайда болады және біржола бекіді. Кейбір зерттеушілер (Ф.Е. Василюк,

С.Н. Ениколопов, және т.б.) мектепке дейінгі жастағы балалар агрессиясы отбасындағы деформацияның және оң әсердің жоқтығының салдары деп санайды [1, 55 б.].

И.А. Фурманов балалардың агрессиялық мінез-құлқын екі нысанға бөледі:

1. Әлеуметтенген форма – балаларда әдетте психикалық бұзылуышылық болмайды, олардың мінез-құлқыты реттеудің моральды және ерікті деңгейі, адамгершілік тұрақсыздық деген жоқ, әлеуметтік нормаларды елемеу деңгей төмен, өзін-өзі бақылаулары әлсіз. Олар әдетте айналасындағылардың назарын аудару үшін агрессияны пайдаланады, өздерінің агрессиялық эмоцияларын өте айқын көрсетеді (айқайлайды, жылайды, заттарды лақтырады). Мұндай мінез-құлқы олардың өзіне назар аударуға, басқалардан эмоционалдық жауап алуға немесе құрдастарымен қарым-қатынас жасауға бағытталған үмтүліктерін көрсетеді. Айналасындағылардың назарын аудара отырып, олар тыныштанады және өздерінің әлті әрекеттерін тоқтатады. Балалардың бұл агрессиялық әрекеттері өте ауыр жағдайға немесе салдарға экелмейді, және ерекше қатыгездік те жоқ.

2. Әлеуметтендірілмеу формасы – балалар әдетте жағымсыз эмоционалдық жағдайлардан (үрей, қорқыныш, дисфория), кейбір психикалық бұзылулардан (эпилепсия, шизофрения, мидаң органикалық зақымдануы) зардап шегеді. Теріс эмоциялар мен олармен селбесе жүретін бұзақылық әрекеттер кенеттен пайда болуы мүмкін, немесе психологиялық жарақаттаушы немесе стресстік жағдайға реакция болуы мүмкін. Катты қорқу, эмоциялық шиеленіс, қозу және импульстік мінез-құлқыққа бейімділік осындай балалардың тұлғалық белгілері болып табылады. Сыртынан бұл жи тікелей вербалды және физикалық агрессиямен көрінеді. Әдетте агрессиялық әрекеттердің көмегімен олар бойларындағы эмоционалдық шиеленісті жеңілдетеді, немесе басқаларға зиян келтіруден ләззат алады [2, 58 б.].

Балалар агрессиясының көріністерін әрқалай жіктеуге болады. Екі схеманы қарастырайық. Біріншісі – агрессияның көрінісі, екіншісі – агрессиялық мінез-құлқық механизмдері. Егер қозғаушы күштерді, агрессия уәждемесін негізге алатын болсақ, онда бір жағдайда – бала өзін көрсеткісі келсе, екіншісінде – өзінің діттеген мақсаттарына қол жеткізуғе, үшіншісінде – басқа баланы басыну және кемсіту әрекеттеріне барады. Осыған негізделетін жіктелім төмендегідей:



Сурет 1. Агрессияның көрінісі және агрессиялық мінез-құлық механизмдері.

С.А. Заваражкиннің пікірінше, баланың зорлық-зомбылық әрекеттеріне көп нәрсе кіретін болады, олар біреудің қолындағы тәттіні де, ойыншықты да тартып алатын болады, бұйырып сейлеуді де әдетке айналдырады. Бала айналасындағылардың назарын аудару үшін өзін агрессиялық ұстаяу мүмкін. Мысалы, қандай да бір себептермен ол басқа балалар арасында ән айту немесе сурет салу шеберлігімен ерекшеленбейтін болса. Балалардың өшпенділігінің тағы бір көң тараған себебі – қызғаныш. Баланың агрессиясы өзі қоюлғандағы келетін адамға да, «бәсекелесіне» де бағытталуы мүмкін. Кейбір балалар агрессияны өзіне «дүшпан» қоршаған элемнен қорғаныс ретінде пайдаланады. Мұндай мінез-құлық бала тәрбиелеуде нақты стратегиясы жоқ, баласының әрекеттеріне өз қоюлғандағы адамдардың қабағына қарап қоюлғандағы көңіл бөлестін ата-аналардың балаларына тән [3, 25 б.].

Агрессияны жас кезеңділігі бойынша қарастырайыңық:

Б. Споктың пайымдауына сүйенсек, анасы балаға жақпайтын нәрсежасаса, баланың анасына қарай қолын сілкүі бір жастағы балаға тән қалыпты құбылыс.

Е.В. Гаспаровтың айтуынша, екінші жаста баланың белсенділігі артады. Өз бетімен әрекет ету мүмкіндігін кеңейте отырып, баланың

тәуелсіз әрекет етуге ұмтылысы артады. Кейде бұл тәуелсіздікке ұмтылу – «мен өзім істеймін, өзім айтамын, өзім жеймін, т.б.» деген талпыныстарға жалғасады.

М.Д. Лисин, В.С. Мухин, Л.Д. Кошелев сынды ғалымдардың айтуынша 2-3 жас кезеңінде бала балабақшаға барады, онда ол құрдастарымен араласуға, олармен ойнауга бағытталған іс-әрекет тәжірибесі қалыптасады. Осы кезеңде агрессия инструменталдық сипатта болады. Балалар арасындағы жанжалдар көбінесе ойыншиққа таласудан туындейді. Бұл жастағы агрессиялық, негізінен, ата-аналардың қандай да бір іс-әрекеттерге қатысты реакцияларына байланысты көрініу әбден мүмкін. Егер ата-ана да, тәрбиеші де ашық агрессияның кез келген көріністеріне төзбестік танытса, нәтижесінде агрессиялықтың символдық түрлері, мысалы, жылану, осқырыну, қырсықтық, мойынсұнбау және басқа да қарсылық түрлері, сондай-ақ жанама агрессияның көріністері пайда болуы мүмкін [4, 112 б].

И.А. Фурманов атап өткендей, бұл жаста баланың «зертеу инстинктісі» қүшіейді, осы жаста бала бұрын естіп-көрмеген тыйым салулар мен шектеулерге кезігеді, әлеуметтік міндеттермен бетпебет келеді. Пайда болған өз қызығушылығы мен ата-ана тарарапынан салынған тыйымның арасында «аласұрған» бала құшті депривацияны – өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне қойылған шектеуді бастан кешіреді. Басқаша айтқанда, фрустрация жағдайына ұшырайды. Бала бұл жағдайды ата-аналар тарарапынан бас тарту актісі ретінде қабылдайды. Бұл тартысты шешудің мүмкін еместігі баланың бойында ашу-ыза, үмітсіздік, агрессиялық үрдістер оятады. З жастағы балалар мектепке дейінгі кіші жастағы ішкі қақтығыстарды бастарын кешіреді, жаңа мінездүлкін реңктеріне ие бола бастайды [2, 57 б.].

Мектепке дейінгі жастағы агрессиялық мәселесін зерделей келе, бұл жас үш жастағы дағдарыспен сәйкес келетінін айтпай кетуге болмайды. Баланың айналасындағылармен үйлесімді қарым-қатынасын бұзатын және қалыпты аффективті даму процесінде байқалатын айқын агрессиялық кезеңдер, негізінен, жас ерекшелік аффектілікпен және тұлғалық дағдарыстардың уайымдарымен сәйкес екенін атап көрсеткен ғалым В.В. Лебединский. Э. Клер болса, «Уш жасар баланың тұлғасы туралы» жұмысында осы дағдарыстың негативизм, қыңырлық, қырсықтық, өз бетінен қайтпау, ересектерді мойындау, наразылық-бұлікшілік, деспотизмге, әміршілдікке ұмтылу сияқты бірнеше маңызды белгілерін атап көрсетеді [5, 456 б.].

Л.С.Выготский, бұл симптомдар баланың «қыын бала» екенін көрсететінін айтады. Ешқандай мәселе туғызбаған баланы енді ересектер «қыын бала» ретінде қабылдай бастайды. «Баланың барлық мінездүлкін наразылық сипатка ие болады, бала айналасындағылармен тек

—Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері—
қырылыштың сияқты болып көрініп тұрады» — деп жазады Л.С. Выготский.
Осының арқасында бала белгілі бір уақыттың ішінде құрт өзгерді деген
әсер пайда болады [6, 494 б.].

Үш жастағы дағдарыс кезеңінде тұлғаның екіжүзілігі (раздвоение личности) деген нәрсе орын алады: мұнда жанжалдар болуы, бала анасымен ұрысуы, қолайсыз кезде қолына ұстасылған ойыншықты быт-шыт етіп сындыруы мүмкін, бұл жерде аффективті-еріктің аясы өзгеріп отыр, баланың құрт артқан өзімшілдігі, белсенділігі осының көрінісі. Баланың өз бетінше әрекет жасау талпынысы ересектердің бала үшін жабық емес екендігін, баланың үлкендерге ашылып, коршаған ортадағы іс-әрекеттер мен қарым-қатынас үлгілерінің тасымалдаушысы ретінде әрекет ете бастағанын көрсетеді.

4-5 жаста бала ақырындан бойындағы ашулы сезімдерді ойынға аударуды үйренеді. Ол басқа адамдарды ренжітуге, оларға тисуге болмайтынын түсінеді, сол себепті өз сезімдерін ойын арқылы білдіреді. Бұл әлеуметтену үрдісі, осы тәсілдер арқылы бала бірте-бірте қоғамға сіңе бастайды.

6-7 жастағы баланың инструменталды агрессияға басқа адамға жеке бағытталған агрессия қосыла бастайды. Агрессияның формалары өзгереді, яғни «әлеуметтенген» формалардың (тіл тигізу, таласу т.с.с.) ұлғайуынан физикалық шабуылдың, қол жұмсаудың жиілігі азаяды

Сәби жаста бой көрсете бастаған агрессия мектепке дейінгі ерте кезеңде өрши бастайды. Балалардың кикілжіцдерді бейбіт тәсілдермен шешу қасиетінің артуы, сонымен қатар, ойын барысында өзара келісімге келе алуы нәтижесінде агрессия жойылады. Сонымен бірге, 6-7 жастағы балаларда өзімшілдік мінез аз болады және олар басқалардың сезімдерін жақсы түсіне бастайды.

М. Мид примитивті қауымдастықтарды зерттей отырып, өте қызықты қорытындыға келеді. Бала үшін теріс тәжірибесі бар қауымдастықтарда тұлғаның теріс белгілері қалыптасады. Мысалы, анасы баланы емшектен ерте шығарады, жұмысқа шығады, сол себепті бала мен ананың арасында қарым-қатынасы сирейді. Содан кейін тәрбие беру стилі қатаңдана түседі, жазалау жиіледі. Нәтижесінде баланың бойында мазасыздық, күдікшілдік, қатты агрессия, өзімшілдік және қатыгездік сияқты қасиеттер қалыптасады.

Сурет 1. Фонтан.

Жыл бойында оқушылар 8 жобалық жұмыс жасап, сонында жобалар презентациясын мектеп қабырғасында, аудан, облыс көлеміндегі ішшараларда көрсетіп, әр түрлі деңгейлердегі сайыстар мен байқауларға қатысу мүмкіндігі бар. Ең бастысы – оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуы.



Сурет 2. Экскаватор

—Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері—

Ұсынылған қолданбалы курс бағдарламасы З жыл қатарынан 10-сынып оқушыларымен апробациядан өтті. Оқушылардың қызығушылықтары сөзсіз жоғары деңгейде болды. Пәнге деген қызығушылықтары артты. Тек 10-сынып емес, басқа да сыныптардың оқушылары пәнге деген көзқарастарын ауыстырып, қызыға бастады. Алдағы уақытта бұл жұмыс жалғасын табады.

Физика кабинетінде осы бүйімдарды жасауға арналған барлық құрал-жабдықтар «Smart физика» зертханасында бар. Мұнда тек сабак уақытындағанда емес, басқа да бос уақыттарында келіп жұмыстарын жасай береді.



Сурет 3. Smart физика зертханасы.

Себебі бір бүйімды толықтай жасап шығуға бірнеше сағат кетеді. Әрине, барлығы берден шыға бермейді, бірақ осындай қарама-қашылықтарда дұрыс жолын табу мақсатында, оқушылар өздерінің білімдерін шындағы түседі. Массалар центрін табуды, оның маңызын жақсы түсінді.

Жасаған бүйімдарымен 10-сынып оқушылары аудандық ресурстық орталық сабактары уақытында ауданның басқа да оқушыларына шеберлік сыйныбын көрсеттіп, таң қалдырыды. Шеберлік сыйныбында оқушылар экскаватор, шансорғыш пен субүрқақ жасап үйренді.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын байқаған мектебіміздің түлегі осы жұмыстардың жалғасы болын деп мектебімізге биылды оқу жылында Stem зертханасын сыйға тартты.

Практикалық тапсырмаларды орындау барысында пәнді терең, әрі нақты түсінетіндігіне осы курс барысында көз жеткіздім.

Осы курс аясында оқушыларым келесідей жетістіктерге қол жеткізді: «Баламалы энергия көзі – наизағай» ғылыми жобасын жазып,

аудандық байқауда 1-орынды иеленсе, облыстық байқауда 3-орынға ие болды. Робототехника бойынша аудандық байқауда шаңсорғыш жобасымен қатысып, 2-орынға ие болды. Шаңсорғыш жобасында Arduino қозғалтқышы бар. Облыстық Dargup Ecoart байқауында екі оқушым I орын иеленді. Облыстық «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауында екі оқушым III орын иеленді. Облыстық «Зерде» ғылыми жобалар байқауында оқушым II орыннан көрінді. Облыстық Ertis каналына осы кокурс аясында оқушыларым бағдарлама аясында интервью берді. Өзім, облыстық білім берудегі АКТ байқауында 1-орын, республикалық «Ұздік авторлық бағдарлама» байқауында II орын иелендім. 2019 жылы ақпан айында мектепте өткен облыстық семинарда оқушылардың сол уақыттағы бар жобаларынан көрме ұйымдастырылды. Семинар қатысушылары жоғары бағаларын беріп кетті.

Қолданылған әдебиет тізімі

1 Асламазов Л.Г., Варламов А.А. Удивительная физика. //Москва. Добросвет. Издательство МЦНМО, 2005.

2 Гулиа Н.В. «О чём молчали учебники» // Москва. Владос. 2007 г.

3 Елькин В.И. Необычные учебные материалы по физике.// Москва. Школа-Пресс, 2000.

FTAMP 15.01.79

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

С.С. Байсарина

П.ә.к., доцент, Л.Н. Гүмилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан қ.

Ұ. Ергалиқызы

Магистрант, Л.Н. Гүмилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан қ.

Мақалада кәсіби құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік түсініктері ашылады. Педагог-психологтың коммуникативтік құзыреттілігінің тұжырымдамасы, маңыздылығы айқындалады. Автор қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты әртүрлі көзқарастар мен авторлық позициялардың теориялық талдауын көлтіреді.

Түйін сөздер: педагог-психолог, мұғалім, білім алушы, білім беру, кәсіби құзыреттілік, коммуникативтік дағды, коммуникативтік құзыреттілік.

Біздің жылдан өзгеретін әлемде педагог-психолог мамандығы өте өзекті болып табылады. Қазіргі уақытта педагог-психологтың қызметі білім беру үйімдарында үлкен маңызға ие. Педагог-психологтың мақсаты – білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының психологиялық денсаулығын сақтау. Ал бұл мектеп қызметкерлері, ата-аналар, мұғалімдер, ең бастысы балалар [1].

Педагог-психологтардың кәсіби қызметінің тиімділігі көптеген факторларға тәуелді. Олардың ішінде кәсіби құзыреттілік негізгі рөл атқарады. Қоғамның даму динамикасы, жеке тұлғаға бағытталған білім беру технологиялары үздіксіз білім алу қажеттілігін тудырады. Яғни, кәсіби құзыреттілікті үнемі жетілдіруді көздейді.

Құзыреттілікті Л.М. Митина белгілі шығарма түсіндіреді: заманауи қоғамның жалпы мәдениетінің элементтеріне, фундаменталды ғылымдардың мазмұнына, педагогикалық білім мен дағдыларға, қоғамдағы мәдениетке сәйкес мінез-құлық пен өзара әрекеттестік үлгілерінің болуына ие мұғалімнің бәсекеге қабілетті тұлғасының сипаттамалары [2].

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі – бұл кәсіби оқыту қызметін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін білім, білік, дағды және мотивациялық бейімділік жүйесі [3].

Мұғалімнің құзыреттілігіне іргелі кәсіби құзыреттіліктің үш тобы кіреді: білімдік құзыреттілік, курстық мазмұн құзыреттілігі (курстың мазмұнынан алынған білім мен дағдылар жүйесі) және коммуникативтік құзыреттілік [4].

Педагог-психологта коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда оқыту мен тәрбиелеу кезінде өзара әрекеттесу процесін икемді басқару, коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану, өзара түсіністікке ықпал ету дағдыларына аса назар аударылады. Осы және тағы басқа да дағдылар, білік, білім, қабілеттері жүйе түрінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырады. Қолайлы моральдық-психологиялық ахуал, гуманизм және қарым-қатынас демократиясы, байланыс орнатудың тиімділігі, мәселелерді шешу тұрғысынан қарым-қатынастың тиімділігі, мұғалімдер мен окушылардың өз жұмыстарына қанағаттануы мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігіне байланысты. Педагог-психологтың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту білім беру сапасын арттырудың, білім беру үдерісіне қатысушылардың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асырудың бір жолы ретінде қарастыруға болады. Педагог-психологтардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, одан кейін дамыту әрқашан өзекті мәселе болып қалады.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- басқа адамдардың пікірлерін тыңдау және ескеру, олардың көзқарастарын талқылау және қорғау, көпшілік алдында сөйлей алу қабілеті;
- шешім қабылдау, байланыс орнату, қолдау;
- әртүрлі пікірлер мен қақтығыстар жұмыс істей алу, келіссөздер жүргізу, ынтымақтастық топта жұмыс істеу [5];

Зимняя өз еңбектерінде коммуникативтік құзыреттілікті ауызша, жазбаша, диалог, монолог, мәтінді қалыптастыру және қабылдау, дәстүрлерді, рәсімді, әдептілікті білу және сақтау деп түсіндіреді.

Демек, коммуникативтік құзыреттілік – бұл басқалардың пікірін тыңдау және ескеру, пікірталастарға қатысу және өз көзқарасын қорғау, көпшілік алдында сөйлей алу, байланыс орнату, қолдау, шешім қабылдау, келіссөздер жүргізу, топтарда жұмыс жасау барысында ынтымақтастық қалыптастыру. Коммуникативтік құзыреттілік – мұғалімнің кәсіби шеберлігінің тірері.

Мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау, мәтінді қалыптастыру және қабылдау, іскери хат алмасу, іс қағаздармен жұмыс жасау, шет тілдік қатынас және қарым-қатынас мәселелерін шешуде қажет. Коммуникативтік құзыреттілігі бар мұғалім жағымсыз әсерлерден аулақ бола отырып, онай қарым-қатынас жасауды, адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде қажетті нәтижелерге жетуді біледі. Мұндай мұғалім ұжымдық кәсіби іс-әрекет пен кәсіби қарым-қатынас техникасына ие.

Құзыреттілік – белгілі бір салада тиімді қызмет үшін қажетті білім, тәжірибе мен дағдылар. Яғни, құзыреттіліктің түпкі тамыры – дағды. Құзыреттілікті қалыптастыруда белгілі бір дағдыны дамыту бастапқы кезең. Фасырлар бойы тұлға бойында коммуникативтік дағдыны қалыптастыру өте өзекті мәселелердің бірі. Осы мәселені атақты америкалық педагог, психолог, жазушы Д. Карнеги қарастырған. Оның еңбектері қазіргі кезде де үлкен сұранысқа ие. Оның кем дегенде бір кітабын оқығандар оның тұжырымдарына бей-жай қарай алмайды. Қарым-қатынас теориясын дамытушы, кез-келген жағдайда өзіне және басқаларға деген көзқарасты өзгертуге талпындырады.

Д. Карнеги бойынша, коммуникативтік дағдыны дамытуда мынадай қағидаларды ұстану керек:

1-қағида: Мақтаудан бастау. Жұмыста сынни көзқарас маңызды, бірақ ешкім жағымсыз пікірлерді тыңдағанды жақсы көрмейді. Соққыны жұмсағартудың ең жақсы тәсілі – сын айтудан бұрын комплимент айту. Ең алдымен, өзінізге ұнайтын бөлшектерді мақтау және қазіргі нұсқадағы жұмыстың барлық жақсы жерлеріне назар аудару. Содан кейін айтқыныз келетін жұмысты жақсартатын нақты нұсқаларды көлтіру.

2-қағида. Адамдардың қателіктегіне жанама түрде назар аудару. «Сіз осы аптада сату жоспарын жабу кезінде өте жақсы жұмыс жасадыңыз, бірақ бірнеше тапсырыс беруші сізді тым итермелейтін деп шағымданды». Бұл сейлемде қандай қате бар? Адамдар «бірақ» дегенді естігенде жек көреді. Дегенмен, көбі оны ескермейді. Адамдар «бірақ» сезін ести сала, мақтауды бірден сынның бастауы деп санайды. Карнеги фокусты сыннан мадактауға ауыстыру үшін «бірақ» орнына «және» дегенге ауыстыруды ұсынады. «Сіз осы аптада сату мақсатын жабуда өте жақсы жұмыс жасадыңыз, егер сіз тәсілінізді сәл жұмсақта алсаныз, сізден асқан жұмысшы болмайды» – деп айту дұрыс болады деп санайды Карнеги.

3-қағида. Басқаларды сынамас бұрын, алдымен өзіндік қателіктеді іздеу. Карнеги өзінің жиенін хатшы етіп жалдаған кезде ол жіберген қателіктегінің санына қатты ренжіді. Бірақ, ол сол жиенінен өз нәтижесіндегі нәтиже күткенін түсінді. Мұнда Карнеги өзінің тәжірибесінің ондаған жылдарға аса түсептін байқамай, сын айтып жүргенін сөзді. Яғни, сын айтпас бұрын өзінен қателік іздеу керек деп санайды. Адамдар көбірек жанашыр болса, тәлімгер рөлін қабылдап, бағыныштыларға жағымды әсер етеді.

4-қағида. Тікелей бұйрықтар берудің орнына сұраптар қою. Сын сияқты, адамдардың көшшілігі бұйрық алушы ұнатпайды. Біреуден бірдене жасауды сұрау тиімдірек болып келеді. Өйткені, ол адамдарға таңдау жасайды. Мысалы, «оны 17.00 дейін жасаңыз» және «сіз оны 17.00 дейін жасай аласыз ба?» дейін нұқсалар айтарлықтай айырмашылықтарға ие. Біріншісі сұық және қатты естіледі. Екіншісі тұлғаларға жобага және оның орындалу мерзіміне әсер етуге мүмкіндік береді. Бұл кішкентай өзгеріс үлкен айырмашылықты тудырады.

5-қағида. Өзгеге бет-бейнесін сақтап қалуға мүмкіндік беру. «Адамды төмendetetін нәрсе айтуға немесе жасауға мениң құқығым жоқ. Мениң ол кісі туралы ойлағаным емес, оның өзі туралы ойлағаны маңызды. Адамның қадір-қасиетіне нұқсан келтіру – бұл қылмыс», – деп жазды француз жазушысы, ақын Антуан де Сент-Экзюпери. Демек, біздің басқа біреумен келіспеуіміз оны төмendetуге болатындығын білдірмейді. Сыныңыз кімге тиесілі болмасын, адамдарға құрмет көрсету керек [6].

Бұл қағидалар барлық тұлғаларға арналғандықтан, педагог-психологта оларды ұстана отырып, өзінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады. Бұл қағидалар әрбір сала қызметкеріне әмбебап болып келеді.

Одан басқа, адамдарды қарым-қатынаста баурап алу тәсілдеріне Д. Карнеги: басқа адамдарға шынайы қызығушылықты көрсету, күлімсіреу, адамдарды аттары бойынша атаяу; жақсы тыңдаушы болу, сұхбаттасуышыны өзі туралы сөйлеуге шақыру; адамдарға өздерінің маңыздылығын сезіндіру; сұхбаттасуышыны қызықтыратын тақырыптар туралы сөйлесуді

қарастырады. Бұл тәсілдерді қарым-қатынаста, кәсіби ортада қолдану коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырады.

Құзыреттілік – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абырайлылығы. Педагог-психологтың коммуникативтік құзыреттілігі, жалпы кәсіби құзыреттілігі білім алушыға қатты әсерін тигізетіні айқын. Білім алушының жеке психологиялық ерекшеліктерін көре білу, оларды педагогикалық өзара әрекеттесу формаларын тандау кезінде ескеру қабілеті білім алушылардың негізгі, кәсіби және жалпы мәдени білімдерді, дағдыларды, қундылық бағдарларын алуға деген ынтасын қалыптастыруды маңызды рөл атқара алады. Педагог-психологтың қарым-қатынас мәселелерін шешудің тиімді әдістерін, педагогикалық қарым-қатынас технологияларын игеруге деген ұмтылышы – оның кәсіби қызметі тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Колданылған әдебиеттер тізімі

1 <https://bilmindnews.kz/?p=98336>.

2 Митина Л.М., Митин Г.В., Анисимова О.А. Профессиональная деятельность и здоровье педагога / Под общ. ред. Л.М. Митиной. Учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. – М.: Академия, 2005.

3 Ogienko O., Rolyak A. (2009). Model of Professional Teachers Competences Formation: European Dimension. TEPE 3rd Annual Conference Teacher Education Policy in Europe: Quality in Teacher Education, May 2009, Umea University, Sweden, Proceedings, available on <http://tepe.wordpress.com/proceedings/tepe-2009-proceedings>.

4 Bjekić D., Zlatić L. (2006). Effects of professional activities on the teachers' communication competencies development. In: M. Brejc, (Ed.).Cooperative partnerships in Teacher Education – Proceedings (pp. 163-172), Ljubljana: National School for leadership in Education, Online Proceedings <http://www.pef.uni-lj.si/atee/978-961-6637-06-0/163-172.pdf>.

5 Суханова К.Ю. Работа с подростками, имеющими трудности социальной адаптации / К.Ю. Суханова // Коррекционная педагогика. – 2003. – № 1. – С. 51-58.

6 Карнеги Д. Как завоевывать друзей и оказывать влияние на людей / Д. Карнеги – Минск: Попурри, 2020. - 352 с.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

А.Б. Кайдарбеков

Студент, А.Мырзахметов атындағы Қоқшетау университеті, Қоқшетау қ.

Бұл мақалада проблемалық оқыту технологиясының ерекшелігі мен мәндер сатылары көрсетіледі. Оқушыны оқыту барысында, проблемалық оқыту технологиясының, манызды мәселелерінің бірі – шығармашылық қабілетті дамыту қарастырылады.

Түйін сөздер: Проблемалық оқыту технологиясы, проблемалық ахуал, проблемалық ситуация.

Проблемалық оқыту технологиясы - оқушылардың іс-әрекеттерін белсендіру және күштейту негізіндегі педагогикалық технологиялардың бірі.

Проблемалық оқыту – бұл проблемалық ситуация тудыру мен оқушылардың оны дербес, яғни өздері, шешулеріндегі іс-әрекеттерін басқаратын оқыту технологиясы. Проблема – деп шешілуі оқушылардан білім алу барысында белсенді әрекеттерді қабылдайтын есептердің, тапсырмалардың, теориялық және тәжірибелік мәселелердің әр-қайсысын түсінуге болады. Бұл оқыту барысында оқушылардың ойларындағы, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар беріп, жарап табу әдістерін үйретеді. Қебінесе, оқытудың бұл әдісі жаңа оқу материалын өту кезеңінде қолданылады. Проблемалық оқыту – оқушының продуктивті, репродуктивті, шығармашылығын арттыруды қарастырады.

Проблемалық оқыту бірнеше сатыдан тұрады: проблемалық жағдайды аңғару, жағдайды талдау негізінде проблеманы тұжырымдау, болжаулар ұсынуды, алмастыру және тексеруді, проблеманы шешу, шешімді тексеру. Бұл процесс ойлау актісінің 3 фазасымен ұқсастық бойынша өрістейді, ол проблемалық жағдайда пайда болып, проблеманы түсінуді, оны шешуді және ой тұжырымын қамтиды.

Проблемалық оқыту оқушылар үшін қындығы бойынша әртүрлі болуы мүмкін, студенттер проблеманы шешу үшін қандай, қанша іс-әрекеттер жүзеге асыратына байланысты. В.А. Круглецкий оқушы мен оқытушының іс-әрекеттерін бөліп, дәстүрлі оқытумен салыстырып алып, оқытуудың проблемалық деңгейінің сыйбасын көрсетті.

Проблемалық технологияның негізгі педагогикалық және

психологиялық мақсаты:

- Окушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері және дағдыларын ұлғайту;
- Окушылардың ізденіс нәтижесінде игерген білімдері мен мاشықтары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады;
- Түрлі проблемаларды көріп, оны шеше біletтін оқушы тұлғасын қалыптастыру.

Проблемалық оқытудың негізгі мақсатының бірі – қазіргі заманғы ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, продуктивтік және творчестволық оқу процесінде логикалық жолдарын көрсету. Міндеттері: оқытышының проблемалық оқыту процесінің үйімдастырылуының негізгі тәсілдері мен формаларын көрсету, оқытудың ғылымилық дәрежесін көтеріп алағаймай, студенттердің тиімді жалпы дамуына жағдай істеп.

Проблемалық оқытудың мақсатының – ғылыми танымдық нәтижелерін, білім жүйесін менгеріп, бұл нәтижелерге жету жолын біліп менгеру, студенттің танымдық дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқытуда мұғалімнің түсіндіруі мен оқушылардың репродуктивтік қызметті талап ететін міндеттер мен тапсырмаларды орындауды жоққа шығарылмайды. Проблемалық оқыту әдісін жүргізу дидактикасының зандаулықтарына байланысты бірнеше кезендерге бөлінеді:

1. Проблемалық ахуалдар туғызу жолын алдын ала дайындау.
2. Проблемалық сұраптарды грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс құру.
3. Проблемалық мәселелерді шешу амалдарын дәл белгілеу.
4. Проблемалық сұраптардың теориясын зандау түрде дәлелдеу.

Дәстүрлі оқыту әдісі - оқушылардан игеруге тиісті оқу мазмұның қабылдауын талап етеді. Бұл әдісті репродуктивтік немесе дайын білім беру дейді. Проблемалық оқытудың екі түрлі айырмашылығы бар. Біріншісі, оқыту мақсатына байланысты, яғни оқу материалының мазмұны зерттеліп, белгілі бір дәрежеде қорытындалады. Қорытынды практикада қолданылып, оқу беру программаларына, оқулықтарға және қосымша оқу құралдарына кіргізіледі. Екіншісі, педагогикалық процесті үйімдастыру принципі тұрғысынан қарастырылады. Оқулықтарда көрсетілген білім мазмұнын қайталағанда оқушылардан тұра мазмұның түсіну талап етілмейді.

Проблемалық ахуал – студенттердің оқыған білімі мен іскерлікті қалыптастырудың керекті ұғымдар мен фактілердің арасындағы сәйкесіздік. Информатика пәнінде есептің математикалық моделін жасау, алгоритмін құру болып табылады. Осы жағдайда оқушылардың шығармашылық әрекеті орындалады.

Проблемалық оқыту теориясының маңызды мәселелердің бірі – оқыту барысында оқушының шығармашылық қабілеттін дамыту. Оқу-

—*Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері* —

тербиесіндегі өзекті проблемаларының бірі: оқушылардың ойланып, өздері әрекет етулері жеткіліксіз. Проблемаларды шешу үшін, білім үрдісінде инновациялық технологияларды енгізу қажет.

Проблемалық оқыту — ойлау операцияларының логикасы (талдау, қорытындылау және т. б.) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуацияларда танымдық қызығушылығына жағдай туғызу және т.б.) ескере отырып, оку мен оқытудың бұрыннан келе жатқан ережелердің жаңа жүйесін қолдану. Соңықтан мектепте оқушылардың ойлау кабілеттерін дамытады.

Проблемалық оқыту әдісі екі функциясымен анықталады:

1. Оқушылардың проблемаларды шешудің амалдарын іздеңстіруі (ақыл ой ізденісі).

2. Оқушының жаңа білімді менгергенде танымдық, белсенділік қабілеттерін дамытуды қалыптастыру.

Заманауи білім берудің мақсаты мамандарды шығармашылыққа дайындау. Шығармашылық дегеніміз – бұл жаңалықты (жаңа білім, проблема, әдіс және т. б.) ашу. Осыған орай, проблемалық оқыту да шығармашылық процесс: ғылыми-оқу мәселені дербес әдістермен шешу. Оқу түрінің кең тараған мәні: мұғалім жаңа білімді ашық турде баяндамай, оқушылардың алдына проблемалық сұрақтарды қойып ған қоймай, оларды шешүге апаратын жолдары мен тәсілдерін іздеуге жол көрсетеді.

Мұғалім проблемалық оқытудың барысында оқушының ойнына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасайды және жауап табудың әдістерін үйретеді. Оқытудың бұл түрі жаңа оку материалын түсіндіруде қолданылады. Сонымен, проблемалық оқытудың еракшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі.

Проблемалық оқытудың күшті жақтары:

- Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- Оку енбегіне қызығушылығын арттырады;
- Оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;
- Берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.

Проблемалық оқытудың кемшіліктері:

- Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруға ықпал ету;
- Мақсатқа жету үшін көп уақыт жұмссау.

Қазіргі мектептерде түсіндірмелі және проблемалық оқыту түрлері бірге қатар қолданылады. Білім беру – оқытудың тәрбие және дамытудың үздіксіз үдерісі. Белгілі балалар психологияры дәлелдегендей, 3-10 жас аралығындағы балалар біріккен мәдени – білім беру саласында ортақ өмірмен дами отырып, тәрбиеленіп, оқып үйреніп өмір сұру керек. Баланың тілін, ой-өрісін мен шығармашылығын дамыту болып, жаңа заманға сай жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып тәрбиелеу. Көрнекті психолог Л.С. Выготскийдің негізі бойынша «Бала дамуының ең шарықтау шегі –

бұл тіл мен ойдың шығармашылығы» деген екен.

Оқу-тәрбиесінде өзекті проблемалар бар. Оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз. Бір оқу міндетін басқа түрлі жолдармен өзгертіп, шеше білу қабілеттері, алынған білім-білік дағдыларын қазіргі өмір мен ғылым, техника жаңалықтарымен байланыстырып, салыстырып, зерттеп өз болжамдарын жасау қабілеттері әлі де төмен деңгейде. Бұл проблемаларды шешу үшін, білімде инновациялық технологияларды енгізу қажет.

Проблемалық оқыту теориясын өз енбектерінде жан-жақты зерттеген педагогтар: В.Т. Кудрявцев, И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, А.М. Матюшкин, М.Н. Скаткин.

Жоғары оқу орындарының міндеттеріне сүйенсек, оқытудың дәстүрлі типін, проблемалық оқытумен салыстырудан шығарылған қорытындылардан проблемалық оқытудың міндеттерін алуға болады

Проблемалық оқыту технологиясы оқушылардың білімді мемгеруде ғылыми дәрежесін арттыруы екі әдіс арқылы қамтамассыз етеді:

Бірінші әдіс – оқытушының түсіндіруін күштейту. Әңгіме арқылы оқыту материалын сипаттай түсіндіруден проблемалық оқыту жағдайларындағы дәлелді түсіндіруге көшү туралы. Оқытушының негізгі міндеті - сапалы түсіндіру, бұл сапа мыналармен сипатталады, оқытушы:

а) өзі жасаған проблемалық ситуация арасында жаңа ұғымның мәнін түсіндіреді;

ә) түсіндіре келе, сол ғылым тарихында бір проблеманы шешуге алып келген ғылыми зерттеудің жолдарын, логикасын көрсетеді.

Екінші әдіс – сабак беру мен окудың жаңа қатынасын белгілеу, яғни студенттердің түсіндірушілік міндетін орынды түрде шектеп, оқу проблемаларын шешу жолымен оқытушының ұғымдарды өздігінен ашу және түсіндіру жөніндегі іс-әрекетін арттыру. Бұл анағұрлым маңызды тәсіл болып табылады. Себебі проблемалық оқыту процесінде жаңа ұғымдардың мәнін оқушылардың өздері продуктивті шығармашылық қызмет барысында (мұғалімнің көмегімен және басшылығымен) ашады, оның үстінен қызмет зерттеу әрекеттерінің шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырады.

Проблемалық оқыту – оқушының ғылыми дүниестанымын қалыптастырудың негізгі тәсілі, ол адамның танымдық және практикалық қызметтің реттейтің белгілі бір жеке бастық субъективтік түрғы болып ұғынылады, практикалық тәжірибиенің жоғары синтезі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 <https://kk.wikipedia.org>

2 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Е. Арын –

—Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері —

Павлодар»ЭКО» ФФ. 2006. – 482 б.

3 Өстемірова К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы 2007 . 124-126 б.

4 Әбиеев Ж., Бақаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы, 2004. 144-146 б.

5 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000. 242-245 б.

FTAMP 14.35.09

ЗООЛОГИЯ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

А.Ж. Берденкулова

Б.ғ.к., аға оқытушы, Корқыт Ата атындағы мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Ә.Ж. Сатмагамбетова

Магистр, Корқыт Ата атындағы мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Макалада жоғары оқу орындарында білім алушылардың зерттеушілік құзымдастырылған зерттеушілік зоология пәндерін оқытуда дамытудың рөлі қарастырылады. Зоологияны оқыту зерттеушілік құзымдастырылған тікелей байланысты. Зерттеушілік құзымдастырылған тікелей үшіндегі тиімдісі- үйірме жұмыстарын және виртуалды зертхананы үйімдастыру болып табылады. Осы құралдардың көмегімен зоологияны оқытудағы әдістерін қайта қарауға және студенттердің шығармашылық ойлаудың және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға әсер ететін жаңа бір дүниені жүзеге асыруға болады.

Түйін сөздер: құзымдастырылған зерттеушілік құзымдастырылған зоология, омыртқасыздар зоологиясы, омыртқалылар зоологиясы.

«Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауакершілікті сезініп, білікті өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамығын маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек

сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді» [1].

Құзыреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауга қатысып және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды тузақтулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Қазіргі жағдайда, білім беру мекемелері білім беру қызметтері нарығында бәсекеге түсуге мәжбур болған кезде, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу, оку орынның өмірін ғылыми негізде құруга ұмытылу қажет. Жалпы еуропалық білім беру кеңістігін құру, ақпараттық білім беру технологияларын, көп деңгейлі кәсіптік білім беру жүйелерін енгізу жағдайында кәсіби ұтқырлыққа, кадрлардың құзыреттілігіне және олардың кәсіби өсуіне жоғары талаптар қойылады. Осыған байланысты кәсіптік педагогикалық білім беретін оку орындарында студенттердің өзіндік шығармашылық қызметін үйімдастыруға көп көңіл бөлу қажеттілігі туындағы.

Студенттердің өзіндік шығармашылық қызметінің перспектиналы түрлерінің бірі жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарында.

Осыған сәйкес студенттерді дамытудың маңызды бағыты оку іс-әрекетіндегі құзыреттілік тәсіл болып табылады. Оның мәні оку процесінде кәсіби білім беру жүйесінде алған білім мен дағдылардың қосындысымен шектелмей керек. Шынайы тиімділікке қол жеткізу үшін білім беру жүйесінен тыс адам алған пайдалы ақпараттың кең спектрімен байланысты болуы керек.

Құзыреттілікті дамытудағы педагогикалық мақсаттардың ерекшелігі – олар мұғалімнің іс-әрекеті түрінде емес, студенттің кәсіби дағдылары мен практикалық дағдылары түрінде қалыптасады. Құзыреттілікті қалыптастыру оқытушыға әр оқушының іс-әрекетін модельдеуге және тиімді бақылауға мүмкіндік беретін оку ортасында жүзеге асырылуы мүмкін белгілі бір оку жағдайларын жасауды талап етеді. Құзыреттілік белгілі бір қызметті дербес жүзеге асыру процесінде, белгісіздік жағдайында және проблемаларды өз бетінше шешуге тырысқандаған қалыптасады. Олар белсенділік жағдайларында көрінеді: пікірталастар, баяндамалар, зерттеу жобаларын жүзеге асыру процесінде және т.б.

Білікті маман болу дегеніміз – белгілі бір субъективті жағдайда алған білімі мен практикалық дағдыларын жүмылдыру қабілетіне ие болу. Құзыреттілікті іске асырудың накты жағдайларынан оқшаулауға болмайды. Ол белгілі бір қызметтің субъективті жағдайларына бейімделген білімді, дағдыларды және мінез-құлықты бір уақытта жүмылдыруды тығыз байланыстырады.

Құзыреттілікті білім мен дағдылардың жиынтығына жатқызуға болмайды, өйткені өмірде терең білімі бар, бірақ оларды қажетті уақытта қалай жүмылдыруды, оларды кәсіби қызметінде колдануды білмейтін адамдар жиі кездеседі. Құзыреттілік – бұл білім мен адам тәжірибесіндегі іс-әрекет арасындағы қатынастардың саласы.

Осыған сәйкес мұғалімнің басты міндеті – теориялық білімді мамандарды кәсіби даярлау барысында қызметтің нақты жағдайларына қолдануға үйрету. Бұл мәселені шешу үшін топтық жұмыс ең тиімді әдіс болып табылады, ол бір тақырып аясында оку ақпаратын игеруге және оны практикалық материалда қолдануға мүмкіндік береді. Ол үшін теорияны практикалық жағдайға қоюға мүмкіндік беретін проблемалық жағдайлар модельденеді.

Студенттердің кәсіби құзыреттілігі сабактың белгілі бір нысандары, білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын жандандыру, оларды білім алу тәсілдеріне бағыттау арқылы ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің ғылыми ақпаратты қол жетімді, түсінікті, колдануға ыңғайлы ету қабілеті арқылы қалыптасады. Оку сабактары барысында студенттер ғылыми ақпаратпен жұмыс істеуге, оны талдауға, практикалық міндеттерді шешу үшін қажетті іріктеуге үрненеді, бұл одан әрі кәсіби талаптарды игеру процесін айтарлықтай жөнілдетеді.

Жоғары оку орындарында «Зоология» оку пәні ретінде жануарлардың құрылымын, тіршілік әрекетін, дамуын, олардың коршаган ортамен байланысын, олардың пайда болуы мен эволюциясын зерттеуге арналған. Дәстүр бойынша Зоология курсы екі пәнге бөлінеді – омыртқасыздар зоологиясы (1 курс) және омыртқалылар Зоологиясы (2 курс). Зоология ботаникамен қатар биологтарды даярлаудың орталық пәні болып табылады.

Зоология ғылыми пән ретінде де, оку курсы ретінде де морфологиялық және жануарлар құрылымын зерттейтін және бағынышты пәндерді қамтитын бөлімдерді қамтиды: цитология, гистология, анатомия, эмбриология; физиологиялық және өмірлік процестерді зерттейтін, экологиялық түрғыдан, жануарлардың коршаган ортамен байланысын зерттейтін; жануарлардың кеңістіктік таралуын зерттейтін зоогеография, жануарлардың алуан түрлілігін зерттейтін зоологиялық систематика, жануарлардың тарихи дамуын зерттейтін филогенетика.

Омыртқасыздар зоологиясы курсы студенттердің зоологиялық дайындығын бастайды, жануарлардың биологиялық әртүрлілігі туралы түсінік қалыптастырады. Зоология жасуша биологиясы, гистология, жеке даму биологиясы, биохимия, адам және жануарлар физиологиясы, психология сияқты пәндермен тығыз байланысты. Өз кезегінде омыртқасыздар зоологиясы курсы омыртқалы зоология курсын, сондай-ақ генетика мен экологияның бірқатар бөлімдерін зерттеу кезінде талап етіледі. Зоологияның жалпы курсы зоология кафедрасында арнайы

мамандандырылған дайындықтан ету кезінде арнағы курстар мен үлкен семинарларды оқуға негіз болады [2].

«Омыртқасыздар зоологиясы» пәнін оқу барысында студенттер келесі көсібі құзыреттіліктерді дамытады:

- омыртқасыз жануарлардың морфологиясын, физиологиясын, экологиясын және жүйеленуін білу;
- пішін мен функцияның ажырамас байланысы туралы идея (зоологиялық материал негізінде);
 - негізгі зоологиялық және салыстырмалы-анатомиялық ұғымдарды менгеру (орган, мүшелер жүйесі, симметрия, гомология және ұқсастық);
 - омыртқасыз жануарлар материалындағы эволюцияның негізгі бағыттары мен заңдылықтарын білу (дивергенция, конвергенция, параллелизм, биологиялық прогресс, биологиялық регрессия, ароморфоз, идеоадаптация, дегенерация, олигомеризация, полимеризация);
 - омыртқасыз жануарлардың негізгі топтарының пайда болуы туралы түсінік;
 - «тіршілік формасы» ұғымын қалыптастыру және бекіту;
 - биогеоценоздардағы жануарлардың рөлін түсіну және олардың адам өміріндегі маңыздылығын түсіну.

«Омыртқасыздар зоологиясы» пәнін оқу барысында аспаптық құзыреттіліктерді қалыптастыру:

- себеп-салдарлық байланыстарды табу, ұқсастықтар мен айырмашылықтардың ерекшеліктерін анықтау, оқу материалын талдау және синтездеу, оны жалпылау және жіктеу;
- объектілерді тануға, олардың анатомиясына, жіктелуіне байланысты омыртқасыздар зоологиясы бойынша практикалық-пәндік дағдыларды қалыптастыру;
- жануарларды анатомиялаумен байланысты омыртқасыздар зоологиясы бойынша тәжірибелік-пәндік дағдыларды қалыптастыру;
- жануарларды жіктеу бойынша практикалық-пәндік дағдыларды қалыптастыру [3].

Зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру процесінің мазмұны мыналарды анықтайдай:

- пәндердің зерттеу құзіреттілігі мәселелерін зерттеуге бағытталуы;
- студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстарын жандандыру.

Білім беру нәтижесіне жету ұстанымы негізінде дайындалған «Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсы бойынша виртуалды зертханалық жұмыстар тәжірибелі сипаттағы тапсырмалар кешендерінен және виртуалды сыйбалар мен кестелерді құру құралдарынан тұрады. Виртуалды зертханалық жұмыстарды пайдалану оқытушыларға бір-бірімен тығыз байланыстағы мотивациялық, іс-әрекеттік және қолданбалы бағыттағы дидактикалық мәселелерді шешуіне мүмкіндік береді. Білім

алушылар виртуалды зертханалық жұмыста орындалған тәжірибелі тіркеу үшін жұмыс журналын жүргізеді. Ал оқытушы білім алушылардың тәжірибе жүргізу барысында алған білімдерін бағалау мақсатында бақылау сұрақтарын дайындауды. Осындай виртуалды зертханалық жұмыстардың кешені көрнекілікті және тәжірибелі дәлдігін қамтамасыз етеді. Бұл білім алушылардың жұмысын женілдетеді, уақытты үнемдейді және тәжірибелі тиімділігін арттырады. Сонымен қатар виртуалды модель оқытушының білім алушылардың білім, білік деңгейлеріне сәйкес тәжірибеге қосымша сұрақтар құрастыруына мүмкіндік береді [4].

Зертханалық жұмыстың элементтері екі топқа бөлінеді:

- 1) ақпараттық;
- 2) тексеру топтары.

Ақпараттық топ элементтері дәріс сабактары ресурстарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады және теориялық кіріспеден, модельді сипаттаудан және зертханалық жұмыс моделінен тұрады. Тексеру тобының элементтері бақылау сұрақтары немесе тест сұрақтары ресурстарын пайдалануды құрайды, бұл жағдайда жұмысты орындау ісәрекеттерінің интерактивті нұсқаулары беріледі. Аудио және визуалды көріністер арқылы білім алушылардың білімі бақыланып, бағаланады [5].

Зерттеушілік құзыреттілікті студенттерге жүргізудің бірнеше жолдары бар:

1. Ақпараттық құзыреттілік арқылы ақпаратты іздеу, талдан, ірікеп алу, үйімдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру дағдылары қалыптасады.

2. Коммуникативтік құзыреттілік арқылы топта жұмыс жасау, сұрақ қою, пікір таластыру, анкета толтыру т.б. дағдылар қалыптасады.

Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамытатын органдар бірі – олар үйірме болып табылады. Үйірме жұмыстары – студенттердің сұранысы бойынша, пән сабактарында алған білімдерін жетілдіру негізінде жүргізіледі.

Үйірме жұмысының мақсаты: студенттердің сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілетін және қоғамдық қарымқашынын қалыптастыру.

Үйірме жұмыстарын үйімдастырудың міндеттері:

– Оқу тәрбие үрдісінде алған білімдерін ары қарата дамытуға мүмкіндік жасау;

– Студенттердің қоғамдық белсенелілігін дамыту;

– Студенттердің өзара қарым қатынасын қалыптастыру, оны дамытуға ықпал ету;

Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру үшін зертханалық жұмыс жасауда алған білімдерінің тұжырымдамалық түсінігін күра алады. Практикалық жұмыстарды орындау барысында білім алу-

шылар тұлғалық жауапкершілікті сезінеді. Нәтижесінде арнайы заманауи жабдықталған зертханада жүргізілетін ғылыми жұмыстар студенттер мен оқытушылардың оку бағдарламасы негізінде жоғары деңгейдегі сабак өтүіне септігін тигізді. Сонымен қатар студенттердің болашақта білімдерін жалғастыруда, яғни магистратура, докторонтурада немесе жалпы болашақ жұмыста сапалы азамат болуда қажетті дағдылар мен сынни ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы: Ғылым, 2010.

3 Иванов Д.А., Митрофанов К.Г., Соколова О.В. Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий: Учебно-методическое пособие. – М.: Наука. АПКИППРО, 2005. – 182 б.

4 Өзге тілді аудиторияда оқытудың инновациялық қызметінің бағыттары // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Рауан. – 345 б.

5 Ахмеева А.Р. Формирование исследовательских компетенций студентов колледжа // В мире научных открытий. Красноярск: Научно-инновационный центр, 2012. №2. (Проблемы науки и образования) с.102-111.

ҒТАМР 34.33.15

«ОМЫРТҚАСЫЗДАР ЗООЛОГИЯСЫН» ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ДАМЫТА ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

К.А. Әуезхан

Магистрант, Қорқын Ата атындағы мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

С.Ж. Ибадуллаева

Б.ғ.д., профессор, Қорқын Ата атындағы мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Мақалада дамыта оқыту мәслелесінің тарихына мәлімет берілген. Биолог педагог мамандарын дайындау барысында дамыта оқытудың тиімді

—Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері—

әдістері қарастырылған. ЖОО-да білім беру процесінде «Омыртқасыздар зоологиясы» курсы бойынша білім алушылардың теориялық және практикалық білімдерін, зерттеушілік және іскерлік дағдыларын, тәжірибелі дайындықтарын дамыту қөздері айтылады. «Омыртқасыздар зоологиясы» курсының мақсат-міндеттері, мазмұны ұсынылған. Омыртқалы жануарлар эволюциясында жүргізілген зерттеулерге аппарат берілген. Сонымен қатар дәстүрлі және инновациялық әдістерге сипаттама жасалған.

Түйін сөздер: омыртқасыздар зоологиясы, дамыта оқыту, зерттеушілік құзыреттілік, дәстүрлі әдістер, инновациялық (белсенді) әдістер, оқыту құралдары.

Қазіргі кезеңде жоғары оқу білім беру үдерісінде білімалушылардың білім деңгейі маңызды мәселе болып тұрғаны анық. Барлық білім беру жүйесіндегі оқытушыларды толғандыратын дамыта оқыту, білім беру мәселесі. Дамыта оқытуудың тарихына шолу жасасақ ен әуелі 1950 жылдың аяғынан бастап Л.В. Занков және Д.Б. Эльконин бұл мәселені зерттей бастады. Сонымен қатар мәселенің өзектілігіне байланысты дамыта оқыту сұраптакрын Эльконин-Давыдов жалғастырды. Қазақстандық білім беру жүйесінде дамыта оқыту мәселесін зерттеу күрделі мәселелердің бірі.

Әр пәннің өз құрылымы, мақсат-міндеттіне сәйкес өз оқыту әдіс тәсілдері таңдалады.

Әрине болашақ-педагог оку орны қабырғасында бірнеше пән итереді. Сол әллективті пәндер жүйесінде «Омыртқасыздар зоологиясының» орны ерекше. Тірі табиғат, тірі ағзалар қарым-қатынасын зерттеу, оқып білу білім алушылардың биологиялық білімін жетілдіруге қосатын үлесі зор. Қоршаган органы зерттеу, адам өміріндегі жануарлардың алатын орны ерекше. Сондықтан да осы пәннің максат-міндеттін қарастырып, оқыту әдістерін зерттеу, сонымен қатар дамыта оқытуда колданылатын әдістәсілдерге тоқтап өтейік.

Ең біріншіден «Омыртқасыздар зоологиясы» курсының оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес, мақсатарына тоқталсақ:

– жануарлар дүниесінің тарихи дамуы мен әртүрлілігі тұжырымдамасын қалыптастыру;

– басқа ғылымдармен байланысты ғылыми дүниетанымды қалыптастырудағы биологияның мәнін көрсету;

– студенттерге жануарлардың морфологиясы, анатомиясы, жіктелуі, онтогенезі және филогенезі бойынша олардың қоршаган органмен байланысын ескере отырып, ағзалардың құрылышы, орындалатын функциясы туралы білім беру;

– зерттелетін объектілерге эволюциялық және кең жалпы биологиялық көзқарасты қалыптастыру;

- адам өмірінде және табиғатта омыртқасыздардың практикалық мәнін көрсетеу;
- студенттерде жануарлар дүниесіне деген құрмет, табиғатты сақтауға деген жоғары жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;
- омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың көбейін, эволюциясын, филогенетикалық байланысын, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасымен таныстыру болып табылады.

Ал енді осы «Омыртқасыздар зоологиясын», соның ішінде насекомдар туралы мәліметтер калдырган ғалымдардың қатарында М. Мальпиги, Я. Сваммердам және француз табиғат зерттеушісі, энтомолог Р. Реомюрді айтуға болады. Олар XXVII ғасырда насекомдардың табиғаты мен құрылышын ғылыми түрде зерттеудің негізін салушылар болып табылады. Насекомдардың анатомиялық және морфологиялық құрылыштарына көп көніл бөлген [1].

Энтомология саласында А.А. Штакельберг, А.С. Мончадский, Г.Я. Бей-Биенко, С.И. Медведев, О.Л. Крыжановский, Г.С. Медведев сияқты ғалымдардың үлесі зор.

Қазақстанда насекомдардың құрылышы туралы ғылыми зерттеулер П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, Н.А. Северцов, А.П. Фадченко, В.Ф. Ошанин, С.Н. Боев, И.Г. Галузо, А.Д. Долгушин, Т.Н. Досжанов, Б.Шайкенов, И.Д. Митяев, В.Л. Казенас және т.б. ғалымдардың енбектерінде кездестіруге болады. Омыртқасыз жануарлар туралы 19 ғасырда П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, Н.А. Северцов, А.П. Фадченко, В.Ф. Ошанин жетекшілігімен ғылыми экспедициялық жұмыстар жүргізілді. Арнайы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің Зоология институты ашылды. Онда әр түрлі энтомологиялық зерттеу жұмыстары арқылы насекомдардың салыстырмалы анатомиялық, экологиялық құрылышы зерттелді[2].

«Омыртқасыздар зоологиясы» курсын оқыту барысында студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту мақсатында оқытудың дәстүрлі әдістері, яғни лекциялық, практикалық және лабораториялық әдістері кеңінен колданылады. Дәстүрлі әдістермен қатар, қазіргі кезде оқытудың инновациялық әдістерін де қолдануға болады:

«Омыртқасыздар зоологиясы» курсын оқыту барысында дамыту оқыту арқылы
студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту мақсатында
оқытудың әдістері



Схема 1. «Омыртқасыздар зоологиясы» курсын оқыту барысында
студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту мақсатында
қолданылатын оқытуудың құралдары.

Зоология курсы бойынша білім алушылар жоспарланған тапсырмаларды орындау арқылы танымдық қызығушылықтары мен белсенділігі артады. Ақпараттық, көрнекілік дағдыларының қалыптасуына ықпалын тигізеді.

«Омыртқасыздар зоологиясы» курсында оқытудың инновациялық (белсенді) әдістерін қолдану барысында білім алушылардың бойында маңызды құндылықтарды қалыптастырады:

- әрбір білім алушы өздігінен жұмыс жасауға дағдыланады;
- ақпараттарды жинақтауға, оны саралауға, сұрақты сауатты қоя білуге үйренеді;
- тапсырмаларды орындау барысында білім алушының жеке кабілеттері айқындалады;
- бір-бірімен қарым-қатынаста болу арқасында ақпараттар алмасады, іштей бір-бірінен қалмауға тырысады;
- тақырыптың неғұрлым өзекті тұстарына мән беріліп, оның күрделену деңгейіне сәйкес білім алушылардың ойлау қабілеті артады;
- әрбір білім алушылар өз деңгейі мен өз қабілеттеріне қарай бағаланатын болады; [3-4]

«Омыртқасыздар зоологиясы» курсын оқыту барысында студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту мақсатында қолданылатын оқытудың құралдары

Әдістемелік құралдары:

- Зоологияны оқыту әдістемесі
- «Омыртқасыздар зоологиясы» курсының бағдарламалық окулықтары
- Дидактикалық материалдар мен ойындар

Көрнекілік құралдары:

- Омыркалар және омыртқасыз жануарлардың фотосуреттері
- Кестeler мен сұзба-таблицалар
- Карточкалар мен фото-альбомдар

Техникалық құралдары:

- Зоологиялық нысандар туралы презентациялар мен бейнегифильмдер
- Компьютерлік бағдарламалар
- Үнтаспалар

Схема 2. «Омыртқасыздар зоологиясы» курсын оқыту барысында студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту мақсатында қолданылатын оқытудың құралдары.

Әрбір білім алушылардың, яғни болашақ педагог мамандардың зерттеушілік құзыреттілігін, білімдерінің сапасын арттыру – оқытудың әдістері мен құралдарының болуына және олардың әр түрлі тақырыптар бойынша дұрыс таңдалуы мен қолданылуна тікелей байланысты.

Студенттер лекция материалдарын өз бетінше немесе лектордың

—*Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері* —
көмегімен менгереді. Өзіндік жұмыстарын (СОӘЖ) және практикалық
жұмысты орында барысында студенттер тақырып бойынша насекомдардың
суреттерін талдайды, кейс папка жинақтайды, өзекті тақырыптар бойынша
презентация және реферат, баяндама жасайды. Сонында тақырыптар
ашылады, студенттер ақпараттармен бөліседі, пікір алмасады, оларды
талдап өндейді. Зертханалық сабағы негізінен зертханалық кабинетте,
тірі мүйісте жүргізіледі. Мысалы, жәндіктер мен құрттардың қоректенуі,
қозғалуы, т.б. туралы бақылау жүргізеді.

Дамыта оқытудың жаңа технологиялары арқылы студенттерге жеке,
топтық және ұжымдық проблемалық жағдайларды шешу, танымдық және
кәсіптік ойындар жүргізу, зоологиялық есептер шығару, т.б. зоологиялық
тапсырмалар беріледі. Осы тапсырмалар орынданай отырып білімалушылар,
өз ойлау қабілетін жақсартуға мүмкіндік алады.

Қорытындылай келе, дамуыта оқытудың ерекше рөл атқаратынын,
ол білімалушыға қолайлы әсер ететінін, білім алушылардың жалпы ой-
өрісінің кеңеюіне үлес қосатыны анық екені дәлелденген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Догель В.А. Зоология беспозвоночных. «Высшая школа», М. 1981
2 Шарова И.Х. Зоология беспозвоночных. М. «ВЛАДОС». 1999.

3 Мынбаева А.К., Садвокасова З.М. Оқытудың инновациялық
әдістері: оку құралы. – 4-ші баспа. – Алматы, 2010. – 344 б.

4 Верзилин Н.М. Корсунская В.М. Общая методика преподавания
биологии. М, «Просвещение», 1987.

FTAMP 14.35.09

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА САРАЛАП-ДЕНГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

М.Н. Тоқбай

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
С.Ж. Ибадуллаева*

*П.ә.к., аға оқытушы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Нұр-Сұлтан қ.*

Білім саясатының өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жаксарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбекейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен үйымдастыру түрлерін өзгерту, білімдегі жаңашылдықты саралашу, білімді жетілдіру үрдісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру. Қазіргі білім берудің барлық деңгейлерінде зерттеулер, компьютерлік, жобалық және көптеген өзге де инновациялардың кең ауқымы байқалады.

Түйін сөздер: Деңгейлеп оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы, қабілет, деңгей, дамыта оқыту, білім алушылар.

«Келер үрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» – деген Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіш, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі үрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан – жақты дамыту керек. Қазіргі білім берудегі басты мақсат – жас үрпақтың білім деңгейін көтеру және жан – жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Сонымен қатар, олардың өз бетімен жұмыс жасауларына жағдай жасау және шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа педагогикалық технологиялардың емес оның элементтерін ұтымды пайдалану өзекті мәселеге айналып отыр [1].

Қазіргі заманының талабына сай білім беру үшін бүгінгі таңда оқытудың мазмұнын өзгерту, яғни білім беру сапасын арттыру қажеттілігі туындалап отыр. Көптеген педагогикалық технологиялар оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланып келеді.

Қай заманда, қандай реформа болсын білім беру мекемесінің басты тұлғасы – оқытушы. Мемлекеттік білім саясаты да осы оқытушы арқылы жүзеге аспақ. Ал бүгінгі таңда білім беру мекемесінің, оқытушының касиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Бүгінгі таңда Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А. Амоношвилидің ізгілікті тұлғалық теориясы, В.А.Шаталовтың оқу материалының тірек белгілерімен тірек конспектілері (сызба үлгілері)негізінде қарқынды оқыту технологиясы, П.И. Третьяковтың, К. Вазинаның, М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы, В.М. Монаховтың, В.П. Беспалъконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал. Сонымен қатар Лысенкованың «Перспективті дамыта оқыту технологиясы», Н.П. Гузиктің «Сынып ішіндегі деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы», В.В. Фирсовтың «Міндетті нәтижелер негізіндегі саралап оқыту технологиясы», Н.Н. Пиканнның «Саралап деңгейлеу технологиясы», В. Дьяченконың «Жобалап оқыту технологиясы», М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту

—Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері—

технологиясы», В.М. Монахавтың технологиясы, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтың «Дамыта оқыту технологиясы», В.Занковтың дамыта оқыту жүйесі, И.П. Волковтың «Шығармашылық пен дамыта білім беру технологиясы», Ш. Амоношилидің «Ізгілікті – тұлғаны оқыту технологиясы», В.Д. Шадриков «Жеке бағытталған оқу жоспары негізінде оқыту технологиясы», «Ұжымдық тәсілмен оқыту технологиясы», «Ақпараттық оқыту технологиясы» (Дьяченко), «Проблемалық оқыту технологиясы», «Ойын арқылы оқыту технологиясы» В.В. Гузив т.с.с. жаңа технологиялық оқыту түрлері зерттелді [3].

Қазақстанда Ж.А. Қараевтің, Ш.Т. Таубаева, К.К. Қабдықайыров, С.Н. Лактионова, М.М. Жаппейісованың және басқа да ғалымдардың оқытуудың жаңа технологиялары белсенді түрде қолдануда.

Ал соңғы жылдары оқытуудың модульдік технологиясы мен В.М. Монаховтың, Дьяченконың оқытуудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ, профессор Ж. Қараевтың оқытуудың дербестендіру мен дифференциялау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы еліміздің көптеген мектептерінде қолданысқа ие болуда [2].

Қазіргі уақытта педагогика ғылыминың бір ерекшелігі – баланың түлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Оқытуудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, біз оқыту технологияларын тиімді жақтарын таңдал алудымыз қажет және оқыту – тәрбие үрдісінде озық технологияларды белсенділікпен енгізілуі керек.

Еліміздің болашағы көркейіп өркениетті елдің қатарына қосылуы бүгінгі үрпақ бейнесінен көрінеді.

Білім жетерлік, бірақ оны окушыға жеткізу үлкен шеберлікті қажет етеді.

Санқылдан айтқан үнінді оқушылар салғырт тыңдал, бей-жайлық танытқанда, ішкі дүниен түгел қаусап қалғандай күй кешесін. Өлі тыныштық. Осындай сабактың пайдасы бола қоймас.

Алдымен білім алудының қызығушылығын ояту керек, олай болса зерттейтін объект – окушы. Оның бойындағы қасиеттерді ескере отырып, сезімін, ынтастын оятар іс-эрекетті жоспарлап көрү, ері қарай окушының таным белсенділігін арттыруды мақсат ету керек. Танымдық белсенділікті қалыптастыру көрсеткіштеріне интеллектуалдық, эмоционалдық, жігерлілік іс-эрекеттеге окушылардың белсене қатысуы жатады. Осындай нәтижеге жету үшін сабак мазмұнының түрлерін, оқытуудың амал-тәсілдерін түгелдей өзгерту қажет, қазір жалпылама баяндау, сұрақ-жауап, лекция тәрізді сабак әдістері өз нәтижесін бере алмайды. Сондықтан сабак процесінде оқытуудың жаңа әдіс-тәсілі, деңгейлеп-сарапалап оқыту педагогикалық технологиясын таңдал алдым.

Денгейлеп саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Професор Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін менгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алушады белсенділігіне аса назар аударылды [6].

